Гарольд Шифман впервые употребил термин «лингвистическая культура» в 1987 году при описании процессов языковой ассимиляции носителями немецкого языка в США. На смысловую нагрузку данного термина, каким его ввел Шифман, вместе с тем повлиял его богатый жизненный опыт по изучению языковых ситуаций в различных полиэтнических регионах. Он и назвал лингвистической культурой совокупность этих уникальных социолингвистических характеристик.

Лингвистическая культура играет важную роль для студентов, изучающих иностранные языки, и является одной из важнейших составляющих их квалификации, ведь именно от уровня владения ею зависит профпригодность молодого специалиста. Но ошибочно предполагать, что для студентов межка, неязыковых специальностей языковая культура не нужна и не важна. Для этих студентов языковая культура важна вдвойне. Так как в процессе обучения их в вузе, особенно студентов технических специальностей, развитию данного вида культуры отводится минимум внимания. И задача преподавателей языковых дисциплин не просто внедрить данную культуру, но и подготовить почву для дальнейшего ее развития.

Современное общество устанавливает все более высокие требования к человеку и ко всем сферам его жизнедеятельности. Человек двадцать первого века, живущий в новом информационном поликультурном пространстве, должен обладать более развитым мышлением и интеллектом, быть более компетентным, информированным, образованным и разносторонне эрудированным. Изменения в жизни мирового сообщества, глобализация всемирной сети Интернет, увеличение миграционных потоков значительно расширили возможности межкультурного общения, актуализировали роль языка в процессе формирования лингвистической культуры. В научной литературе актуализируется роль языка как способа познания окружающего мира и средства коммуникации, выступающего в качестве хранителя и выразителя духовной культуры.

Повышается и внимание к проблеме познания культур в ходе изучения языков, однако совершенствование языковых навыков невозможно без формирования знаний о конкретных социокультурных условиях функционирования языка. Известно, что язык является не просто средством коммуникации, это основной признак этнической самоидентификации. Это язык этноса, к которому причисляет себя данный человек.

На начало 2021 года, согласно третьей, со дня обретения независимости, переписи населения, численность населения Казахстана заметно выросла. Ощутимо изменился и этнический состав. Сегодняшний Казахстан – государство с полиэтническим составом населения. Согласно данным на начало 2021 года казахи составляют большинство населения (69,01 %), далее русские (18,42 %), узбеки (3,29 %), уйгуры (1,48 %), украинцы (1,36 %), татары (1,06 %) и другие [1].

Казахский язык является государственным языком Республики Казахстан. Русский язык имеет статус официального языка, имеющего возможность наравне с казахским языком применяться в государственных организациях и органах местного самоуправления. В статье 16, в соответствии с Законом РК от 27.07.07 г. №320-III, Республика Казахстан обеспечивает получение начального, основного среднего, общего среднего, технического и профессионального, высшего и послевузовского образования на государственном, русском, а при необходимости и возможности и на других языках, согласно «Программе триединства языков» – казахский как государственный язык, русский как язык межнационального общения и английский язык как язык международного общения.

По мнению Н.С. Жумагуловой: «В евразийском языковом пространстве в целом и в Казахстане в частности ведущую роль играет русский язык как язык межнациональной коммуникации и межэтнического согласия, а владение казахским языком является для граждан Казахстана условием интеграции этнических, профессиональных, возрастных групп в единое культурнообразовательное и социально-политическое пространство» [2, с.164].

Государственный язык позиционируется в Программе как главный фактор национального единства; подчеркивается необходимость популяризации широкого применения государственного языка; ставится задача формирования развитой языковой культуры граждан Казахстана независимо от национальной принадлежности. Знание государственного и русского языков всеми членами полиэтнического сообщества повышает интеллектуальный потенциал нации и способствует развитию лингвистического капитала казахстанцев [3].

В организациях образования государственный и русский языки являются обязательными учебными предметами и входят в перечень дисциплин, включаемых в документ об образовании. В настоящий момент обучение в нашей республике ведется в основном на двух языках: казахском и русском. Следовательно, возникает вопрос: насколько студенты, учащиеся в группах с казахским языком обучения владеют русским языком? Ответ очевиден: не все студенты владеют необходимыми коммуникативными, социолингвистическими, дискурсивными и т.д. компетенциями. Причины этого мы видим в следующем: во-первых, у большинства будущих специалистов школьная подготовка довольно слабая и находится на низком уровне. Многие студенты не осознали еще необходимость изучения второго языка, особенно в провинциальных учебных заведениях. Во-вторых, вузовский курс русского языка в объеме трех часов в неделю не гарантирует успешного продолжения изучения языка на уровне бытового и профессионального общения как в вузе, так и за его пределами: дома, на практике, на месте трудовой деятельности. В-третьих, для обучения языку, профессиональному и непрофессиональному общению необходимо обеспечить учебный процесс учебниками и учебными пособиями нового поколения, которые должны способствовать формированию необходимых иноязычных компетенций. Все три проблемы являются на данный момент неразрешимыми, поскольку увеличение часов на дисциплину «Русский язык» в школах не планируется при большой насыщенности учебных планов общеобразовательной школы.

Отстают от европейских и технологии создания отечественных учебников по русскому языку. Медленно формируется база учебников для студентов различных специальностей, например, активно используются учебники для отдельных специальностей: «Русский язык», «Учебное пособие по русскому языку для студентов-экономистов», «Русский язык и культура речи для технических вузов», «Русский язык и культура речи: учебник для студентов учреждений высшего профессионального образования», в то время как большинство специальностей не обеспечены учебниками русского языка. Но даже эти проблемы решаемы со временем. Наиболее сложным обстоит дело с изменением языкового сознания, отношения студентов неязыковых специальностей к изучению неродных языков. Проблема в том, что, выходя на практику, студенты в своей практической деятельности часто испытывают трудности в процессе профессионально направленного общения, что связано с недостаточно высоким уровнем сформированности лингвистической культуры, а именно:

а) несформированностью языковой системы лексических единиц с национально-культурной семантикой;

б) отсутствием умения извлекать информацию из аутентичной литературы;

в) незнанием социокультурных моделей поведения, культурного, семиотического, этнического фона;

г) неустойчивой мотивацией к познавательной деятельности и т.д.

Понятие «лингвистическая культура» как иерархическое, многоуровневое, полиструктурное образование, основанное на сложном механизме порождения восприятия речемыслительного действия, представляет собой способность анализировать культуру и ментальность народа через лингвистические и экстралингвистические факторы, формировать национально-языковую картину культуры в условиях поликультурности казахстанского общества для плодотворной межкультурной коммуникации, то есть вести диалог с представителями разных культур, принимая во внимание все нормы, правила, ценности, установленные и принятые в них [4, с. 45].

Структурными компонентами лингвистической культуры могут быть речевое поведение и лингвистическая компетенция. Отсюда следует вывод, что знание словарного состава языка, включающего грамматические и лексические элементы, способность их использования в речи – это и есть лингвистическая компетенция.

Понятие «речевое поведение студента» с лингвистической и психологической точек зрения, исходя из соображений деятельностного подхода и для удобства описания характеристик названной категории, трактуется как конкретную речевую и коммуникативно-практическую деятельность, направленную на достижение вполне реальных целей в личной, общественной и профессиональной жизни.

Как сообщалось выше, в Республике Казахстан языками образования являются казахский и русский, а в некоторых школах и вузах и иностранные языки – английский, немецкий, турецкий и т.д. Следует отметить также, что в Казахстане уделяется большое внимание распространению и изучению английского языка как языка международного общения. В значительной степени эффективно он изучается в городских учебных заведениях, в сельских же регионах ощущается острая нехватка преподавателей иностранных языков.

Характерной особенностью полилингвоментального пространства Казахстана является толерантное отношение к языкам и культурам всех этносов, проживающих в республике. Этнические языки и культуры граждан Казахстана прошли путь взаимообогащения и ассимиляции за последние десятилетия. На сегодняшний день в русском языке много заимствований из разных языков, не исключением являются и заимствования из тюркских языков. Так, вошли в повседневный обиход многочисленные слова из казахского языка, казахский язык же, в свою очередь, вобрал в себя слова и словосочетания, маркирующие понятия из русской культуры, во многих национальных языках отмечены аналогичные процессы. Происходит не столько обмен словами, сколько обмен культурными ценностями, традициями, происходит становление иной картины мира, поиск своего места в нем.

Обрести себя как личность, как языковую личность в таком разнородном, многоликом полилингвоментальном пространстве довольно непросто. Внедряемая сегодня в казахстанских вузах европейская кредитная система обучения ставит студента перед необходимостью активного участия в процессе добывания знаний и формирования умений и навыков, как того требуют и антропоцентрический, и деятельностный подходы в современной педагогике. Современные методики преподавания иностранных языков также предлагают воспринимать студента как активного субъекта не только учебной, но и, в первую очередь, духовной, «душевной» деятельности. Изучение языков – это, прежде всего, общение с культурными ценностями другого народа, с историей, литературой, искусством, это открытие каждым человеком для себя новой концептосферы.

Как отмечает Н.С. Жумагулова, соприкосновение с иной лингвокультурой расширяет горизонты мировоззрения молодого человека, побуждает его к анализу не только языковых явлений родного и чужого языка, но и дает работу душе. Интернационализация образования, науки, общественной жизни, создание Единой Европы и Единого общеевропейского и мирового образовательного пространства требуют серьезных навыков межкультурной коммуникации и глубокого знания языков. Казахстан исторически является мультилингвистическим государством, в котором особое значение придается поликультурному образованию, формирующему новый тип личности мирового сообщества [5, с. 365].

Практикам-лингвистам давно известен тот факт, что четыре вида речевой деятельности (чтение, написание, говорение и слушание) оказывают самое прямое и непосредственное влияние на качество речевого поведения человека. По данным последних исследований чтения, проведенных ЮНЕСКО [6, с. 87], в современном мире читательская деятельность сдает свои лидирующие позиции. Главенствующим типом культуры настоящего времени становится ее экранный вариант. Это целая система телевизионных, компьютерных и интернет-технологий, которая оказывает значительное влияние на физическое, психическое и личностное поведение подростков и общества в целом. Век мультимедиа диктует свои требования к технологической и гуманитарной культуре целого поколения. Здесь есть свои достоинства и свои недостатки. Плюсы заключаются в том, что вместе с компьютерными технологиями совершенствуется технологическая культура нового поколения, активнее развиваются мыслительные процессы, сокращается время на обработку и поиск необходимой информации. Но мы не можем игнорировать и обратную сторону

этого процесса. Современная молодежь все больше времени предпочитает проводить в социальных сетях, нежели посвящать внутреннему саморазвитию. Здесь будет уместно отметить тот факт, что увеличение времени на развитие технологической культуры современного человека часто осуществляется за счет ущемления гуманитарной составляющей его личностного развития и роста. Реалии современного мира заключаются в том, что поведенческая стратегия целого поколения из структуры «читаю-пишу-говорю-слушаю», трансформируется в структуру «смотрю-слушаю-говорю» и это не может не сказываться на качестве лингвистической культуры студента. Как следствие подобного влияния, мы можем наблюдать отдельные элементы безграмотности, проблемы в осуществлении читательской деятельности (т.е. низкое или слабое владение техникой чтения), неспособность грамотно выразить свои мысли, а также элементы труднообъяснимого и неадекватного поведения студентов.

Лингвистическая культура не может быть исключением из этой системы взаимовлияния, другими словами, ее качество находится в прямой зависимости от качественного содержания и накопления информационных коммуникаций, а также от времени, которое современные студенты тратят на просмотр телепередач, интернет-сайтов и традиционное чтение. Именно в этом аспекте актуализируется вопрос о создании педагогической системы, направленной на формирование лингвистической культуры студентов.

Состояние сформированности лингвистической культуры студентов распределяется по репродуктивному, конструктивному, эвристическому, креативному уровням на основе следующих критериев:

- 1) сформированность лингвокультурологических знаний, навыков и умений;
- 2) лингвистическая готовность;
- 3) сформированность ценностного отношения к языку и культуре страны в целом, в т.ч. культуре регионов.

Структурно-функциональный комплекс формирования лингвистической культуры студентов представляет собой педагогическую систему, включающую структурные (когнитивный, мотивационно-ценностный, технологический) и функциональные (познавательный, регулятивный, коммуникативный) компоненты, обеспечивающие поэтапную реализацию направлений, методов и способов формирования лингвистической культуры будущих специалистов.

Технология формирования языковой культуры студентов представлена следующими этапами: **диагностическим**, решающим аналитические задачи по определению индивидуальных особенностей, исходного уровня сформированности лингвистической культуры выпускников учебных заведений, готовности к взаимодействию; **подготовительным**, решающим конструктивнопрогностические задачи по определению целей, содержания обучения и его задач; технологическим, решающим организационно-деятельностные задачи по непосредственному осуществлению процесса формирования лингвистической культуры студентов; **оценочным**, решающим оценивающие и коррекционно-регулирующие задачи по анализу результатов коммуникативной деятельности выпускников вузов.

Данная технология позволяет эффективно организовывать учебный процесс и повысить уровень сформированности лингвистической культуры студентов.

Все сказанное позволяет утверждать, что сегодня лингвистика и методика преподавания русского языка в национальной аудитории должны ставить новые вопросы, переосмысливать традиционные трактовки, стремиться к выработке новых методик формирования конкурентоспособной языковой личности в условиях поликультурного и полилингвального Казахстана и ЕЭС. Для решения этих проблем необходимо выработать новые стратегии в обучении иностранным языкам в общем и русскому языку в частности и формировании лингвистической культуры, обратить внимание на факторы, влияющие на формирование ее типических черт, для чего требуется включить в сферу изучения комплекс представлений, обусловленных культурными и историческими установками.

Литература:

1 Итоги национальной переписи населения в Республике Казахстан 2021 года [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://ru.wikipedia.org/wiki/>

2 Жумагулова Н.С. Евразийская языковая личность / Н.С. Жумагулова. – Кокшетау: Изд-во КГУ, 2012. – 164 с.

3 Указ Президента Республики Казахстан № 550 от 07.02.2001 г. «О Государственной программе функционирования и развития языков на 2001-2010 годы». [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1021749#pos=0;200.

4 Каган М.С. Философия культуры / М.С. Каган. – СПб.: Питер, 2006. – 250 с.

5 Жумагулова Н.С. К понятию о полилингвоментальном пространстве современного Казахстана / Н.С. Жумагулова // Валихановские чтения-15. – Кокшетау: Изд-во КГУ, 2008. – С. 364–368.

6 Кравченко А.И. Культурология / А.И. Кравченко. – М.: Норма, 2007. – 231 с.

ГРНТИ 14.35.09

ШЕТ ТІЛДІ ТОПТАРДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУДЕ МӘТІНДІ ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕРІ

Нұрмышева Ш.А.

*ф.ғ.к., қауымдаст. профессор
Абылай хан ат. Қазақ ХҚЖӘТУ*

Мәтін – білім берумен қатар қазақ тілін үйрету бағытындағы кез келген тақырыптың негізгі арқауы. Мәтінмен оқытудағы негізгі мақсат студенттердің қазақша тілдік құзіреттіліктерін арттырып, айтар ойын нақты әрі толық жеткізе білуге үйрету, олардың жазу сауаттылығын қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту. Сонымен қатар мәтінді әртүрлі әдіс-тәсіл, технология, стратегиялармен жандандыру – оның тіл үйретіп, қосымша білім берудегі мүмкіндігін күшейтіп, дискурстық сипатын жоғарылатады. Ал дискурстың басты қызметінің бірі коммуникация екені белгілі. Әсіресе тақырып мақсат-міндетінің нақтылығы, таңдалған мәтін бойынша сабақ жоспарының жүйелі құрылуы сабақ барысында оң нәтижелі дискурсқа қол жеткізетін бірден бір жол. Мәтіннің дискурстық сипатын тілдік коммуникацияда тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым түрінде оңтайлы қолдану оқытушының шығармашылық шеберлігін көрсетеді.

Ендеше орыс топтарында өткізілетін практикалық қазақ тілі сабағында мәтінді тиімді пайдалану мүмкіндіктеріне назар аударсақ.

Мәтінді оқыту материалы ретінде пайдалану үшін өзімізді тіл үйренуші студенттің орнына қоя отырып біраз критерийлерден өткізуге тура келеді. Мәтін таңдау барысында біз алдымен тіл үйренушінің «қарапайымнан күрделіге» бағыты бойынша тіл білу деңгейін ескереміз. Осыған орай әртүрлі дереккөздерден тақырыпқа сай тыңдалым, оқылым мәтінін іздеу, таңдап алу, оны аудиторияға бейімдеп реттеп беру оңай емес. Артық жерін қысқартып, кем жерін икемдеу – оқытушыдан айтарлықтай шығармашылық шеберлік қажет етеді.

Келесі назар аударатынымыз мәтін көлемі. Қай деңгейге арналған болса да ұзақ мәтіндер студенттерді жылдам жалықтырып жібереді. Сондықтан мәтін көлемі шақталып жасалады, әрі білімгерді қызықтыра алатындай ақпаратқа қанық, студент санасында мәселе сұрақтар тудыратындай болғаны жөн. Бұл әсіресе тіл үйретуде бастапқы деңгейден жоғары топтардағы студенттер үшін таңдалатын мәтіндерге қойылатын талап. Үшіншіден, мәтін мазмұнын жылдамырақ игеру үшін аса күрделі құрмалас сөйлемдердің аз, сөйлемдерінің логикалық байланысы нық болғаны маңызды. Төртіншіден, тақырыптың мақсат-міндетіне кіретін грамматикалық минимумды қамтуы тиіс. Өтетін тақырыбымызға байланысты таңдалған мәтіндердің барлығы қазақ халқының мәдениеті мен әдет-ғұрыптарымен таныстыру қызметін атқармауы да мүмкін. Бірақ сабақ барысында тапсырмалар беру арқылы да мұндай мәдениеттанымдық қызметін де жандандандыруға болады.

Сонымен мәтін мақсатымызға орай елеп-екшеленді, сабақта пайдалануға әзір. Енді оны практикалық түрде қалай іске қосамыз? Мәтіннің тіл үйретімділік динамикасын қалай арттырамыз? Тіл үйретімдік дискурсты нәтижелі орнату үшін түрліше қандай әдіс-тәсілдер мен технологияларға жүгінеміз? Бәріміз білетіндей мәтінмен жұмыс істеу - мәтінді оқығанға дейінгі, мәтінмен жұмыс, мәтінді оқығаннан кейінгі секілді үш кезеңді қамтитыны белгілі. Осыған сәйкес тақырып тыңдалым мәтінінен басталса тыңдалымалды, тыңдалым кезіндегі және тыңдалымнан кейінгі тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асады.

Біз бүгін В2-1 ортадан жоғары деңгейдің «Цифрлы технологиялар – заман талабы» тақырыбы бойынша сабақтың екінші жартысында ұсынылатын оқылым мәтінімен жұмыс істеп көрейік. Қай кезде де студенттің қызығушылығын арттырып, әрекетке тартатын оқытудың белсенді және интербелсенді үлгілерін пайдалана білу аса маңызды. «Студент оқу үдерісіне белсенді араласқан кезде ғана берілген материалды жеңіл меңгеріп, жақсы есінде сақтайды, мәніне тереңірек үңіледі. Оқыту үдерісінде тұлға тақырыпқа, талқыланатын мәселеге, жағдаятқа белсене араласып, сәттілікке қуанып, сәтсіздікке реніш білдіріп отырса ғана оның ішкі уәжі оянады. Сонда ғана білімді саналы меңгеруге ынтасы пайда болады» [1]. Сондықтан оқылымға кіріспес бұрын оқылымалды тапсырмаларымен жұмыс жасатамыз. Бұл жерде тақырып бойынша меңгерілуі тиіс лексикалық минимумдар міндетті түрде қамтылады.

Оқылымалды тапсырмасы арқылы оқылым мәтінінің мазмұнына болжам жасатайық. Төмендегі тапсырмалар білімгерлердің сыни ойлау дағдысын қалыптастырады.

1-тапсырма. **«Бүгінгі сабақ дәйексөзі»** Төмендегі орын ауысқан сөздерді ретімен қойсаңыздар Бауыржан Момышұлы айтқан дәйексөзді оқитын боласыздар.

алмайды./ парасатты/ адамның/ ойлайтын/ дамып жетілгенмен,/ орнын /Техника қаншама/ ауыстыра. (Техника қанша дамып жетілгенімен, ойлайтын парасатты адамның орнын баса алмайды)

Бұл тапсырма бойынша «Б.Момышұлы-кім? Ол неге бұлай айтты екен? -деген секілді сұрақтар қоя отырып сөйлемдегі сөздерді дұрыс тіркестіріп, сауатты жазу, сөйлеу дағдысын қалыптастыруға жетелейміз. Негізінде әр тақырып барысында әртүрлі танымал тұлғалар сөзінен цитаталар беріп отыру арқылы қазақтың танымал тұлғаларының бейнесін білімгерлер санасына қалыптастыра түсуге болады.

2-тапсырма. «Кроссенс» әдісі бойынша топтық жұмыс беруге болады. Кроссенс –торкөздерге орналасқан, алдыңғы және өзінен кейін тұрған суреттермен логикалық байланыстағы 9 суреттен құралады. Ал ортасындағысы мағынасы жағынан барлығын бір арнаға тоғыстырады. Осылайша біртұтас әңгіме құрастыруға мүмкіндік береді. Топ санына қарай бірнеше нұсқасын жасап ұсынуға болады. Кроссенсті жоғарыдан төмен және солдан оңға қарай оқу керек, сосын алға жылжи отырып, ортасындағы: 5-тор көзде тұрған суретпен аяқтау қажет Кроссенс әдісімен 1) әр топ төмендегі суреттерге қарап белгіленген уақыт ішінде 8-9 сөйлемнен тұратын әңгіме құрастыруы тиіс. 2) Құрастырылған әңгімелеріне тақырып қояды. 3)Топтың әр мүшесі өздері құрастырған шығын мәтіннен 1-2 сөйлемнен оқып береді.

3- тапсырма. **Салыстыру әдісі.** Әр студент1-2 тапсырма нәтижелерін салыстыра отырып оқылым мәтіні не жөнінде болатынына бір-екі сөзбен болжам жасайды. Бұл әдіс студенттің ойын шапшаң жинақтау, қорыта білу, нақты айту дағдыларын қалыптастырады. Осылайша бірде-бір студент сабақтан тысқары қалмайды.

Оқылым. Студенттерге ұсынылған тақырыпсыз мәтін **«Түсініп оқу» стратегиясы** бойынша жүзеге асады. Өйткені «Түсініп оқу» стратегиясы мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқуға итермелейді. (Негізінде В2-1 деңгейі бойынша оқылым кезіндегі ең тиімдісі түсініп оқу, зерттеп оқу, рөлге бөлініп оқу стратегиясы деп санаймыз. Айталық, **зерттеп оқу** талабы оқушыдан назарын шоғырландырып оқуды талап етіп, астарлы ойды, автор көзқарасын, көтерілген мәселені, факті мен көзқарасты зерделеп ажырату. **Түсініп оқу стратегиясы** - мәтіннің мазмұнын, автордың айтпақ болған ойын, мәтінді жазудағы мақсатын түсіну үшін әр ақпаратты ұғынып оқу. **Рөлге бөліп оқу стратегиясы** арқылы мәтін ойын рөлге кіріп оқу арқылы саралау).

«Бүгінде 10-24 жас аралығындағы Z ұрпақ пен 0-9 жас аралығындағы Альфа ұрпақ жаңа технологияларға етене жақын өсіп, смартфон қосымшаларына үйренгені сонша, сабақта бар назарын ұстазға ғана аударып отыра алмайды. Смартфондар мен жаңа технологиялар мидың дамуына әсер еткенмен оқушылардың зейінін бұзатыны да жиі айтылуда. «Көптеген зерттеулер технология, әлеуметтік желі, галамтордың қолжетімдігі мен смартфондардың балалар зейініне кері әсері барын дәлелдеді. Балалардың ойлау жүйесі де, миының даму жолдары да өзгерді», дейді «Технология ұрпағы» кітабының авторы доктор Джим Тейлор.

Мұны ұстаздар да байқапты. «Бұл үлкен проблема! Оқушылар орташа есеппен тек 28 секунд қана назар аудара алады. Смартфондар оқушылардың ақыл қабілетіне әсер еткені анық», дейді сегізінші сынып мұғалімі Лаура Шад.

«Қазіргі оқушыларға үзіліссіз күрделі әрі ұзақ мәтін оқыту қиындап барады. Өйткені балалар өте шыдамсыз», дейді бастауыш мектебінің ұстазы Эрика Свифт. Оның айтуынша, ұзақ мәтінді цифрлық технологияға салып беру де көмектеспейді. «Баланың зейінді болуы есте сақтау қабілетіне әсер етіп, тақырыпты терең түсінуге, жақсы меңгеруге әкеледі. Ал тақырыпқа ықылас қоя алмаған балалар ақпаратты өңдей алмайтын болады. Осылайша тақырып балалардың естерінде қалмай, оқушылар анализ жасау, сыни ойлау, ақпарат туралы өз пікірін қалыптастыру секілді маңызды компоненттерден алыстайды», дейді ол.

2018 жылы Пирсон зерттеуі көрсеткендей, Gen Z ұрпағы кітаптан бас тартып, ақпарат көзі ретінде бейнекөріністерге басымдық беріпті. Сондықтан оқушылар үшін бейнекөрініс алмасатын платформаларды да арттырған жөн, деген шешімге келген.

Алайда сыныптарға жаңа технологиялар енгенімен, зерттеулер дәстүрлі білім беру әдісінің өз артықшылықтары бар екенін көрсетті. Нейробиология профессоры Уильям Клеммнің айтуынша, «ноутбукті пайдаланғаннан гөрі, қолмен жазу оқушыларға ақпаратты есте сақтауға көмектеседі».

Ендігі ұстаздардың проблемасы дәстүрлі оқу бағдарламасын технология ықпалындағы оқушыларға қарай барынша бейімдеу. Мамандар оқу орындары аралас білім беру әдісіне көшу керек деп санайды. Яғни, дәстүрлі білім беру әдістеріне жаңа технологияларды араластырып білім беру өте тиімді. «Жаңа медианың өз артықшылықтары бар, бірақ дәрістерден мүлдем бас тартуға болмайды», дейді Вашингтон университетінің профессоры Кэти Дэвис. «Ұстаздардың орнын еш технология баса алмайды. Ұстаздың оқушымен тікелей байланысы білім беру саласында әлі де ең маңызды компонент саналады», дейді мектеп технологиялары маманы Элиза Гувер.

Пікірлер сан түрлі. «Технологиялар білім беру саласының кейбір аспектілеріне кері әсер еткенімен, оқушыларға көп мүмкіндік береді. Өйткені оқушыларда сұрақ туындаса оны мұғалімнен сұрамай-ақ жауапты алдымен интернеттен іздейді», дейтін мамандар бар.

«Қазір көп білуден гөрі сыни көзқарас пен шығармашылық ой маңыздырақ. Ал технология бұл қабілеттерге кері әсер етеді. Цукерберг, Гейтс технология әлемінде кодтай алатындықтан емес, ойлана алатындықтан жетістікке жетті», дейтін де мамандар бар.

Бірақ біз қаласақ та, қаламасақ та, цифрлық технология білім беру саласына ене береді. Ал ұстаздарда өз-өзін дамытудан басқа амал қалмайды. Олар өзін дамыту арқылы ғана оқушылардың жаңа технологияларды дұрыс пайдаланып, жетістікке жетуіне ықпал ете алады» <https://baq.kz/news/othernews/digital/>

Оқылымнан кейінгі тапсырма бойынша студенттерге **айтылым** тапсырмасы ретінде «Мәтінде не жөнінде баяндалды? Z және Альфа ұрпақтар қандай ұрпақтар? Зерттеушілер қандай мәселелер үшін алаңдайды? т.б.»- деген секілді **ашық сұрақтар** қойылудан басталады. Байқағанымыздай тілді оқытуда жабық сұрақтарде гөрі ашық сұрақтар әлдеқайда тиімді. Себаби ашық сұрақтар мәселе сұрақтар құрастыруға түрткі болады.

Келесі айтылым тапсырмасы - **мәтінге тақырып ұсыну және оны дәлелдеу**. Тақырып ретінде студенттерге бірнеше мақал ұсынамыз.

1. Әр адам - өз заманының баласы.
2. Өнерді үйрен де жирен
3. Ғасырына қарай асылы.
4. Әр заманның үлгісі өзіне қымбат.
5. Өз тақырыбым

Ұсынылған тапсырмалардың бұл түрлері студентке ойын жүйелеуге, оқыған мәтін мазмұнын жедел анализдеуге, сыни ойлауына, ойын қисындастыруға, дәлелдеуге, тілдік қорын байтуға ықпал етеді.

Жазылым тапсырмалары студентке меңгерген құзіреттіліктері мен дағдыларын шегелей түсуге мүмкіндік беретінін білеміз. Мәтіннен тірек сөздерді тауып жазу, түсініксіз сөздердің мағынасын оқытушының немесе сөздіктің көмегі арқылы түсіну оларды есте сақтап қалуға көмектеседі. Осы тапсырма нәтижесін рефлексия кезінде пайдалануға болады. **Сөйлемдерді мәтіндегі ретімен қойып шығу** тапсырмасын орындау кезінде мәтінді бірнеше мәрте оқып шығатындықтан студенттердің мәтін мазмұнын, ақпараттарды логикалық байланысы бойынша есте сақтауына көмектеседі. Тапсырма:

А. Мұны ұстаздар үлкен проблема деп есептейді.

Ә. Қазіргі балалардың күрделі әрі ұзақ мәтін оқып отыруға шыдамы жетпейді

- Б. Жаңа технологиялар мидың дамуына әсер еткенмен оқушылардың зейінін бұзады.
 В. Z ұрпағы кітаптан бас тартып, ақпарат көзі ретінде бейнекөріністерге басымдық беріпті
 Г. Бірақ біз қаласақ та, қаламасақ та, цифрлық технология білім беру саласына ене береді
 Ғ. Қазір көп білуден гөрі сыни көзқарас пен шығармашылық ой маңыздырақ.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
|---|---|---|---|---|---|

«Дайын жауаптарға сұрақ қой» жазылымның келесі тапсырмасы ретінде ұсынылады. Әдетте берілген сұрақтарға жауап табуға болады. Ал дайын жауаптар студенттерді мәтін мазмұнын қайта анализдеп, сұраулы сөйлем құрылымын жаңаша трансформациялап шығуға мүмкіндік береді. Мысалы:

Сұрақ:

Жауап: - Өкінішке орай, сенуге мәжбүрмін. Бұл жағдай расында зейіннің төмендеуіне әкеледі.

Міне, осылай жалғастырып кете беруге болады.

Сабақ барысында айтылым-жазылым тапсырмаларының аралас қолданылғаны аудиторияның жалығып кетпеуіне ықпал етеді. Кезекті айтылым тапсырмасы ретінде **жағдаят** ұсыныңыз. Жағдаят әдетте күрделі мәселеге байланысты туындайтын, сыни ойлау мен шешім табуға бағытталған технология түрі. Мысалы: «Қазір көп білуден гөрі сыни көзқарас пен шығармашылық ой маңыздырақ. Ал технология бұл қабілеттерге кері әсер етеді. Цукерберг, Гейтс технология әлемінде кодтай алатындықтан емес, ойлана алатындықтан жетістікке жетті», дейтін де мамандар бар. Жағдаят тапсырмасы: Сыни көзқарас пен шығармашылық ойдың Цукерберг пен Гейтс қол жеткізген жетістіктерге қаншалықты қатысы бар деп ойлайсыз? Жағдаят міндет-мақсаты: Студенттің тілдік құзіреттілігін дамыта отырып, шешім табуға, еркін пікір білдіруіне ықпал ету.

«Төрт сөйлем» (1. «Меніңше...» 2. «Себебі...» 3. «Мысалы...» 4. «Қортындылай келе...») Студенттердің пікір білдіру, ой қорту, анализдеу, өз пікірін қоғай білу, түйіндеу, нақтылау т.б. секілді дағдыларын қалыптастыру мақсатында қолдану өте тиімді әдіс саналады. Осы әдіс бойынша студенттерге тыңдалым-оқылым мәтіндерінде айтылатын ойларға байланысты пікір айттыруға болады. Мысалы:

1. Жаңа технологиялар оқушының зейіннің әлсіреуіне әкеліп соғады екен.
2. Ұстаздардың орнын цифрлы технологиялар басуы мүмкін екен.
3. Цифрлық технология білім жүйесін өзгертуді талап етеді екен.
4. Gen Z ұрпағы кітаптан ақпарат алудан бас тартады екен.

Осылайша оқылымға қатысты неше түрлі айтылым-жазылым, диалог секілді тапсырмалар легін алмастыра отырып молынан пайдалануға болады. Дей тұрғанмен студенттер жалығып кетпеу үшін мәтінге, жалпы тақырыпқа қатысты мақал-мәтелдер, дәйексөздер жасырылған **ребус шешуді** тапсырма ретінде беру де оңды шешім (мысалы «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда – қазан».) Берілген тапсырма сабақтың алғашқы жартысын еске түсіруге де ықпал етеді.

Сабақ қорытындылау кезеңінде **жұптық жұмыс** арқылы тыңдалым және оқылым мәтіндеріне ортақ диалог жасатуға болады. Осы арқылы студенттер бүкіл тақырып бойынша меңгерген лексикалық бірліктерді қаншалықты меңгергенін бағалай аламыз.

Сонымен бірге **ойын технологиясы** арқылы да рефлексия кезеңін жүзеге асыруға болады. Ол үшін студенттер 2 не 3 топқа бөлінеді. Әр топ ватман бетіне өздері қалаған цифрлық технологиялық құрылғылардың суретін салып шығады. 1-топтың әр студенті өз суреттеріндегі заттың бір-бір пайдалы жағын баяндаса, керісінше 2-топтың әр студенті зияны жөнінде 1-2 сөйлемнен мәлімет береді. **Сөйлемді жалғастыр** ойыны. Оқытушы тақырып бойынша бір сөйлемді бастап оқиды да қатысушылардың біріне допты лақтырады. Допты алған қатысушы сөйлемді ары қарай жалғастыруы қажет. Осылайша допты қатысушылар бір-біріне лақтырып, “доптың келесі иесі” жауаптар тізбегін жалғастырады.

Білімгендің белсенділігін арттыратын мәтінімен жұмыс түрлері өте көп. Тек сабақтың мақсат-міндетін қарай оларды бір-бірімен үйлесімді жалғастырып отыру керек.

Бір ескеретін және қадағалануы тиіс жағдай – студенттерге әр тапсырманы орындауға шектеулі уақыт берілуі тиіс. Бұл студентке уақытты тиімді пайдалану, жауапкершілікпен қарау дағдысын қалыптастырса, оқытушыға мақсат-міндеттеріне жүйелі түрде жетуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, тіл үйретуде мәтіннің статикалық болмысын нәтижелі дискурстық өнімділікке айналдыру үшін белсенді оқу мен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін жүйелелік пен айқын мақсат-міндеттерге негіздеуіміз керек.

Әдебиеттер:

1 Симбаева С. Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер: әдістемелік құрал./ – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы, 2019. –133 б.

Аңдатпа. Қай кезде де студенттің қызығушылығын арттырып, әрекетке тартатын оқытудың белсенді және интербелсенді үлгілерін пайдалана білу аса маңызды. Сонымен бірге мақсат-міндетінің нақтылығы, таңдалған мәтін бойынша сабақ жоспарының жүйелі құрылуы тіл үйретуде оң ықпалын тигізеді. Мәтін – білім берумен қатар қазақ тілін үйрету бағытындағы кез келген тақырыптың негізгі арқауы. Ұсынылған мақалада орыс топтарында мәтін арқылы қазақ тілін оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері жөнінде жазылады.

Тірек сөздер: оқылым, мәтін, әдіс-тәсілдер, технологиялар, айтылым, жазылым, дискурс

Аннотация. сегда важно уметь использовать активные и интерактивные модели обучения, которые повышают интерес и вовлекают студента в деятельность. Вместе с тем ясность целей и задач, систематическое построение плана урока по выбранному тексту оказывают положительное влияние на изучение языка. Текст – основа любой темы, направленной на изучение казахского языка, а также на образование. В предлагаемой статье рассказывается об эффективных методах и методах обучения казахскому языку в русских группах через текст.

Ключевые слова: чтение, текст, методы, технологии, произношение, письмо, дискурс

Annotation. It is always important to be able to use active and interactive learning models that increase interest and involve the student in activities. At the same time, clarity of goals and objectives, systematic construction of a lesson plan for the selected text have a positive impact on language learning. The text is the main basis of any topic aimed at learning the Kazakh language, as well as education. The article describes effective methods and methods of teaching the Kazakh language in Russian groups through text.

Keywords: reading, text, methods, technologies, pronunciation, writing, discourse

СЕКЦИЯ 3.
ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ПРЕПОДАВАНИИ ЯЗЫКОВЫХ ДИСЦИПЛИН

ГРНТИ 14.35.09

**ЖОБАЛАЙ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН
ОЙЫН ӘДІСТЕРІНІҢ ҚЫЗМЕТТЕРІ**

Сатбекова А.А.

*педагогика ғылымдарының
докторы, профессор,*

Қазақстан Педагогикалық

Ғылымдар Академиясының академигі

ҚазҰҚПУ, Алматы

E-mail: satbekova@mail.ru

+77014145508

Абилдаева Қ.Н.

3 курс докторанты

ҚазҰҚПУ, Алматы

Тұрсынбаева Г.Қ.

Алматы облысы білім басқармасының

Қарасай ауданы бойынша білім бөлімі

мемлекеттік мекемесінің Қ.Сәтбаев

атындағы орта мектеп мұғалімі

Гуманитарлық бөлім студенттерінің кәсіби тұрғыдан дамуына қазақ тілі пәнін оқыту арқылы жоба әдісін қолдану көптеген игі нәтижелер бере алады. ЖОО-да білім беруді жаңашаландыру үдерісінде студенттердің белсенділігін арттырудың бір жолы қазақ тілінен олардың мамандығына байланысты жобаларды орындату болып келеді.

Оқытушы қазақ тілінен жоба орындаушы студенттердің ойын технологиясынан хабардар болуына мүмкіндік беруі керек. Ойын әдістері қазақ тілін меңгеруде күнделікті жұмыспен бірге студенттердің жоба орындау барысындағы шығармашылық-ізденім жұмыстарын да қызықты және әсерлі ететін оқытудың ұтымды тәсілдерінің бір жолы болып табылады. Ойын әлемінің қызықты шарты қайталау, есте сақтау, алынған мәліметті бекіту мен меңгерудегі бір сарынды әрекетке эмоциялық жағымды әсер береді, ал ойын қызметіндегі эмоциялық әсер студенттің барлық психологиялық үдерістер мен әрекеттеріндегі белсенділігін арттырады.

Ойынның тағы бір ұтымды тұсы – білімді жаңа жағдайда қолдана алу қабілетінің дамуына және студенттердің қазақ тілінен меңгерілген оқу материалын өзіндік тәжірибеден өткізуіне септігін тигізеді және оқу үдерісін түрлендіреді, оқушыларды ынталандырады. Осы кездегі ойын әдістерінің студент алатын білімнің ақпараттық жағынан кеңеюіне де өзіндік пайдасын тигізе алады.

К.Д.Ушинский [1], Дж.Селли [2], К.Бюллер [3] ойынды елестету немесе қиял түрінде қарастырса, ал А.И.Сикорский [4] және Дж.Дьюи [5] ойынның эмоциялық әсерімен қатар ой дамытушылық жағы болатынына назар аударады. Олардың көзқарастарын жинақтай қарағанда, ойын адам бойындағы белгілі бір қабілеттердің жинақтаушысы болып табылады. Ойынды терең зерттеген ғалымдардың бірі Д.Б.Эльконин ойынды «әлеуметтік қарым-қатынастар арифметикасы» деп атайды [6]. Ол ойынды баланың үлкендер әлемін тану тәсілдері мен психикалық функцияларының белгілі бір кезеңде пайда болатын негізгі даму формаларының көрінісі түрінде бағалайды. Ойын даму үдерісін жүзеге асырады. А.С.Макаренко [7] өсіп келе жатқан дара тұлғаны тәрбиелеу мен қалыптастыруда ойынның ерекше маңыздылығын атап көрсетеді. Г.К.Селевко ойынға «баланың өз мінез-құлқын басқаруды жетілдіру мен жинақтауда қоғамдық тәжірибені меңгеру және жаңғыртуға бағытталған жағдай шартындағы қызмет түрі» деген анықтама береді [8]. Ал кей ғалымдар: «Игра – это вид деятельности в условиях ситуаций, направленных на воссоздание и усвоение общественного опыта, в котором складывается и совершенствуется самоуправление поведением», - деп түсінік береді [9].

Ойын – жобалық тапсырмаларды орындау барысында студенттің қызығушылықпен қолданатын әдістердің бір түрі. Ойын – оқыту құралы. Оқыту үдерісінде ойынды қолдану – кездейсоқ нәрсе емес. Педагогтар мен психологтар білім берудегі дағдарыстарды жеңуде ойынның дамытушылық мүмкіншілігі зор екенін атап өтеді. Бұл әдіс шет елде білім беру ісінде кең өріс алып отыр.

Ойын барлық әрекет түрінің әмбебап практикалық аспабы ретінде қолданылады. Педагогикалық әрекеттің негізгі мәні білім беру ғана емес, білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, таным қызметін басқару және проблемалық-танымдық жағдайларды құрудан тұрады.

Ойын технологиясының маңызын айта келе, зерттеуші ғалымдар ойын әдісінің төмендегідей қызметтерін бөле-жара көрсетеді :

- сергіту (бұл ойынның негізгі қызметі – сергіту, шабыттандыру, өз ісіне риза болу, қызығушылығын арттыру);

- қарым-қатынастық (сөйлеу диалектикасын меңгеру қызметі);

- диагностикалық (нормативтік тәртіптен ауытқушылық, ойын барысында өзін-өзі тану);

- терапиялық (тұрмыста пайда болатын түрлі қиындықтарды жеңу);

- өзін көрсете білу (жасырын мүмкіндіктер мен қабілеттердің танылуы);

- ұлтаралық қарым-қатынас (жалпыадамзаттық әлеуметтік- мәдени құндылықтарды меңгеру);

- әлеуметтілік (қоғамдық қарым-қатынас жүйесіне қосылу);

- эстетикалық (ойыннан ерекше әсер алу) [10].

Ойында барлық студенттер тең деңгейде болады. Онда өзіне берілген тапсырманы әр студенттің тіпті қазақ тілінен тиянақты білімі жоқ студент те орындай алады. Тіпті тілден дайындығы төмен студент ойын үстінде өзін бұрын беймәлім болып келген жаңа қырынан көрсетуі де мүмкін. Өйткені кей жағдайда ойынды өткізу кезінде пәндік білімнен гөрі тапқырлық пен зеректік маңыздырақ рөл атқаратын жайлар да кездеседі.

Өзара теңдік сезімі, тапсырманы орындау үстіндегі өзін еркін сезіну, қуаныш және еліктеушілік атмосферасы – осының бәрі студенттің сенімін арттырады, ұялшақтық, жасқаншақтық сезімдерін жеңе білу мүмкіндіктерін қалыптастырады. Ойын қатынастары арқылы студент материалды еркін меңгеріп кетеді және оның бойында өзіне, өз ісіне риза болу сезімі оянады. [11].

Жоба орындау үдерісіндегі ойын әдістері студенттің белсенділігін арттыратын түрлі ойын әдіс-тәсілдері және жағдайлар арқылы жүргізіледі. Түрлі жағдайда ойын белгілі бір драмалық шығарма тәрізді, оның өз сюжеті, қайшылықтары және қатысушы тұлғалары болады.

Ойын жағдайлары ойын сабақтарының барысында бірнеше рет қайталануы мүмкін және әр жағдаяттың ерекшелігіне қарай кей кезде ол жаңа нұсқада ойналады. Ойын барысында ұсынылатын жағдаяттар – нақты өмірдегі жағдайлардың баламасы. Оның өмір шындығына жақындығы ойындағы негізгі текетіресте (конфликт) жарыс ойындарында ашыла түседі.

Жарыс ойындары – қазіргі таңда ойын әдістерінің ішінде жиі қолданылатын түрі. Мұндай ойындар студенттің ойлау шапшаңдығын қалыптастырады. Ойын шарты алдын-ала белгілі болғанмен, ойын барысында міндетті түрде күтпеген жағдайлар болады, осындай кезде студент кідіріп қалмай жылдам шешім қабылдай білуге жаттығады. Жобаны орындау үдерісінде ойын әдістері мен жағдайларын жүзеге асыру мынадай негізгі бағыттар бойынша жүргізіледі:

- студенттер алдына дидактикалық мақсат ойын тапсырмалары негізінде қойылады;


- оқу қызметі ойын ережелеріне бағынады;

- оқу материалы оның құралы ретінде қолданылады;

- оқу қызметіне дидактикалық тапсырмаларды ойынға ауыстыратын жарыс элементтері енгізіледі;

- дидактикалық тапсырмалардың сапалы орындалуы ойын нәтижелерімен байланыстырылады.

Оқыту үдерісіндегі ойын қызметі төмендегідей болып сараланады:



1-сурет – Жобаны орындау барысында қолданылатын ойынның атқаратын қызметтері

Ойынның бұл аталған қызметтері бір мақсатқа жұмылдырылғанмен, олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Атап айтқанда:

1) *Білімдік қызметі* білім алушының есте сақтау, зейін, ақпаратты қабылдау, жалпы оқытуда білім және біліктерін, тілдік ұғымдарды меңгеру қабілеттерінің дамуына мүмкіндік береді. Мұның бәрі ойынның эмоционалдық және ойлау қызметінің, шешім қабылдау білігінің қалыптасуын талап ететін және басқа да оқыту мүмкіндіктеріне бай ерекше ұйымдастырылған оқу қызметі екенін көрсетеді.

2) *Тәрбиелік қызметі* ойын барысында зейінділік, ойын бойынша серігіне адамгершілікті қатынасы, ізеттілік, өзара көмек және өзара қолдау сияқты қасиеттерге тәрбиелейді, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады.

3) *Сергіту қызметі* жоба орындау барысында жағымды атмосфера қалыптастыра отырып, сабақты қызықты, тартымды етеді де, тіпті кейде ертегі әлеміне немесе ерекше оқиғаға айналдырады.

4) *Қарым-қатынастық* (коммуникативтік) *қызметі* тілдік ұғымдарды сөйлеу тілінде сапалы және сауатты қолдана білуде студент топтарын біріктіреді, жаңа эмоционалды-коммуникативтік қатынастарды қалыптастырады.

5) *Релаксациялық қызметі* тілдік теорияларды белсенді меңгеруде жүйкеге салмақ түсуінен пайда болған эмоционалдық шаршауды жоюға көмектеседі.

6) *Психологиялық қызметі* студенттің әрекетін неғұрлым сапалы ету мақсатында жеке физиологиялық біліктерді қалыптастырып, ауқымды ақпараттарды меңгеру үшін студенттің психикасын қайта құрудан тұрады. Психологиялық тренинг жүзеге асырылады, өмірдегі жағдайларға жақын рөлдік ойындарда және басқа да ойындар кезінде қалыптасатын түрлі жеке психологиялық қабілеттердің пайда болуынан байқалады.

7) *Дамытушылық қызметі* дара тұлғаның резервтік мүмкіндіктерінің белсенділігін арттырып, оның бойындағы жеке қасиеттердің даму үйлесімділігіне бағытталады.

Барлық оқыту технологияларының студенттің қазақ тілін танып-білу оқу-танымдық әрекетін интенсификациялаудегі және белсенділігін арттырудағы сенімді құралдары болады. Кейбір оқыту технологиялары да бұл құралдар нәтижесінің сапасын, негізгі идеясын құрайды. Бұндай технологияларға ойын технологиясы, проблемалық оқыту, коммуникативтік технология секілді студент белсенділігін аса қажет ететін оқыту технологиялары жатады.

Жобаны орындату барысында ойынды қолданудың критерийлері бар, олар мынадай болып келеді:

- когнитивтік;
- процессуалдық;
- іс-әрекеттік;
- эмоционалдық.

Мұндағы *когнитивтік критерий* жүргізілетін ойын әдісі жайында мұғалім білімінің, мағлұматының және де ойынның тиімділігі жөнінде түсінігінің болуын талап етеді.

Процессуалдық критерий субъектіде өзінің көздеген мақсатына жету үшін ойынды өз мүмкіндігіне қарай пайдалана білу біліктілігінің қалыптасуы, педагогикалық үдеріс шеңберінде ойын әрекеттерін жобалай білуін қажет етеді.

Іс-әрекеттік критерий – бұл мұғалімнің күнделікті педагогтік қызметінде ойын әдіс-тәсілдерін жүйелі пайдалану деңгейі.

Эмоционалдық критерий мұғалімнің өзіндік педагогикалық ойын әдістерін жүзеге асыруға деген құлшынысы мен ойынды өзінің сабақ барысындағы қажеттілігіне сәйкес пайдалануға деген қызығушылығының болуы.

Әдебиеттер

1 Ушинский К.Д. Родное слово // Избр. педагогические сочинения в 6-томах. – М.: Педагогика, 1990. – 528 с.

2 Селли Дж.Р. Классификация иллокутивных актов // Новое в зарубежной лингвистике. – М.: Прогресс, 1986. – С.151-169.

3 Бюллер К. Духовное развитие ребенка: Пер. с нем. А.Альтшулер, Л.Выготский. – М.: Просвещение, 1960. – 317 с.

4 Сикорский И.А. Психологические основы воспитания. – Киев: И.Н.Кушнерев и К., 1905. – 28 с.

5 Дьюи Дж. Демократия и образование. / Пер. с англ. – М.: Педагогика-Пресс, 2000. – 384 с.

6 Эльконин Д.Б. Психология игры. – М., 1978. – 304 с.

7 Макаренко А.С. Педагогическая поэма. – М.: Правда, 1988. – 621 с.

8 Селевко Г.К. Энциклопедия образовательных технологий. – М.: Народное образование, 1998. – 816 с.

9 Стронин М.Ф. Обучающие игры на уроках английского языка. – М., 1994. – 243 с.

10 Конышева А.В. Игровой метод в обучении иностранному языку. –СПб.: Четыре четверти, 2006. – 192 с.

11 Сатбекова А.А. Рухани жаңғыру: қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясы (гуманитарлық бөлім). Монография. – Алматы, ТОО «ЛантарТрейд», 2019. – 220 бет.

ГРНТИ 14.35.09

КОМПЕТЕНТНОСТНОЕ МОДЕЛИРОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ИНОЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ НА ЗАНЯТИЯХ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ

Абжанова Т.А.,

*к.ф.н., доц. КазУМОиМЯ имени Абылайхана,
dabzhanova@gmail.com*

Абжанов Р.С.,

*к.т.н., профессор Академии «Кайнар»,
г. Алматы Казахстан*

Как известно, актуальной проблемой всего мирового образовательного сообщества в настоящее время является проблема, связанная с модернизацией содержания образования, оптимизацией способов и технологий организации образовательного процесса, переосмыслением целей и результатов образования.

Поскольку цель образования соотносится с формированием ключевых компетенций, то основные компетенции определяются в рамках общемировых тенденций глобализации. Данные основные ключевые компетенции и должно освоить молодое поколение. Таким образом, цель образования стала соотноситься с формированием ключевых компетентностей. Как показывает анализ литературы по данной проблеме, компетентностный подход к образованию рассматривается и в контексте Болонского процесса.

Как показывает практика, использование компетентностного подхода способствует преодолению традиционно когнитивных ориентаций образования. Кроме того, данный подход способствует разработке нового видения содержания образования, а также его новых приемов, методов и технологий.

В настоящее время Советом Европы определены пять ключевых компетенций, которыми должны владеть молодые европейцы:

- политические и социальные компетенции (способность принимать ответственность, участвовать в принятии групповых решений, разрешать конфликты ненасильственно, участвовать в поддержке и улучшении демократических институтов);

- компетенции, связанные с жизнью в поликультурном обществе (межкультурные компетенции: принятие различий, уважение других, способность жить с людьми других культур, языков, религий);

- компетенции, относящиеся к владению устной и письменной коммуникацией, которые особенно важны для работы и социальной жизни. В этом плане становится важным владение более чем одним языком;

- компетенции, связанные с возрастанием информатизации общества;

- способность учиться на протяжении всей жизни в качестве основы непрерывного обучения в контексте как личной профессиональной, так и социальной жизни.

На основе анализа различных подходов к определению компетенций ученые выдвигают предположение, что в перечне компетентностей должны содержаться и их составляющие. Таким образом, в перечень включаются такие характеристики, как: «готовность к проявлению компетентности (мотивационный аспект), владение знанием содержания компетентности (когнитивный аспект), отношение к содержанию компетентности и объекту ее приложения (ценностно-смысловой аспект), эмоционально-волевая регуляция процесса и результата проявления компетентности». Исходя из вышесказанного, компетентностный подход определяется ими как «совокупность общих принципов, определения целей образования, отбора содержания образования, организации образовательного процесса и оценки образовательных результатов»(2,26)

Таким образом, с позиций компетентностного подхода к числу основных ключевых компетенций при обучении языку можно отнести следующие:

- политические и социальные компетенции; компетенции социального взаимодействия;

- компетенции гражданственности;

- компетенции, относящиеся к владению устной и письменной коммуникацией; языковые и речевые компетенции;

- компетенции, связанные с жизнью в поликультурном обществе (межкультурные компетенции: принятие различий, уважение других, способность жить с людьми других культур, языков, религий);

- компетенция профессионализма; способность учиться на протяжении всей жизни в качестве основы непрерывного обучения в контексте как личной профессиональной, так и социальной жизни;

- компетенции информационных технологий;

- компетенции ценностно- смысловой ориентации в Мире.

Курс «Профессиональный русский язык» позволяет не только развить основные ключевые компетенции, но и направлен на развитие профессиональной компетенции студентов.

Не рекомендуется, что только потому, что аудитория состоит из студентов, все они разделяют определенных набор знаний. Например, используя слово «Viral» (вирусный), вы обязательно должны конкретно объяснить, что вы имеете в виду, так как по контексту слово может менять значение. Не следует торопиться с объяснением термина, который может быть неверно истолкован. Прежде чем продолжить свою речь, убедитесь, что ваши слушатели понимают, что вы имеете в виду. Стивен Лукас объясняет: «Вы не можете предположить, что они поймут, что вы имеете в виду. Скорее, вы должны быть уверены, что объясните все так подробно, чтобы они не могли не понять» [9, с. 412]. Определите термины, чтобы помочь слушателям понять их так, как вы их подразумеваете. Дайте объяснения, соответствующие вашим определениям, и покажите, как эти идеи применимы к теме вашего выступления. Таким образом, вы сможете избежать многих недоразумений.

Таким образом, информационно-коммуникативный навык представляет собой комплексное личностное образование, влияющее на профессиональную жизнь человека, в основе которого лежат базовые навыки, формирующиеся у человека на протяжении всей жизни. Информационно-коммуникативные способности будущего специалиста позволяют ему расширить, усовершенствовать, сделать профессиональное общение интересным и многоуровневым, с особым акцентом на языковую, речевую стороны общения.

Информационно-коммуникативные навыки будущего учителя способствуют получению и систематизации знаний о содержании и средствах профессиональной устной деятельности; овладение навыками эффективного межличностного, группового и коллективного общения; организация и управление монологической и диалогической формами речи; Решение конфликта; овладение основами построения речи и речевой аргументации, особенностями вербальных и невербальных средств общения; преодоление коммуникативных барьеров и умение самовыражаться в уверенности в себе и в общении. Таким образом, развивая информационно-коммуникативные умения в профессиональной подготовке, будущие педагоги приобретают опыт работы с информацией, которая носит социальный характер и включает в себя нормы и ценности культуры; с другой стороны, оно является личным, поскольку основывается на личных коммуникативных способностях и конкретных обстоятельствах, связанных с отношениями в жизни будущего учителя.

Литература

- 1 Зайцева Е. В. Принципы доступности и коммуникативной направленности обучения студентов в условиях применения инфокоммуникационных технологий (Дис.). – Ставрополь, 2004. –184 с.
- 2 Кравец, В. А. Формирование информационной культуры // Дистанционное образование, № 4, 2000. – 35–37 с.
- 3 Тришина С. В. Информационная компетентность как педагогическая категория [Электронный ресурс] /Интернет-журнал «Эйдос», 2005. –34 с.
- 4 Glucksberg, S., Krauss, R., & Higgins, E. T. The development of referential communication skills. – Chicago: «University of Chicago» Press, 1975. – 195pp.
- 5 Peterson, C. L., Danner, F. W., & Flavell, J. H. Developmental changes in children's response to three indications of communicative failure.. – New Jersey: «Wiley» Press, 1972. – 1465 pp.
- 6 Glucksberg, S., Krauss, R. What do people say after they have learned how to talk? Studies of the development of referential communication.. – Michigan : «Wayne State University » Press, 1967. – 312 pp.
- 7 Flavell, J. H., Botkin, P. T., Fry, C. L., Wright, J. C., & Jarvis, P. E. The development of role-taking and communication skills in children. –New York: John Wiley, 1968. –189 pp.
- 8 Stephen E. L.The Art of Public Speaking, – New-York: McGraw-Hill College press, 2004. – 412pp.

СЕКЦИЯ 5.
РАЗВИТИЕ ЯЗЫКОВ В КОНТЕКСТЕ ЯЗЫКОВОЙ ПОЛИТИКИ

ГРНТИ 16.21.27

**ПОЛИЯЗЫЧНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КОНТЕКСТЕ
ЯЗЫКОВОГО ПЛАНИРОВАНИЯ**

*Баяндина С.Ж.,
д.ф.н., профессор,
КазУМОиМЯ имени Абылай хана,
г. Алматы, Казахстан*

Аннотация. В статье рассмотрены социолингвистические проблемы функционирования языков в системе образования Республики Казахстан. Охарактеризована специфика двуязычия как одного из видов многоязычия. Показаны особенности полиязычного образования в Республике Казахстан.

Ключевые слова: полиязычие, двуязычие, трехязычие, государственный язык, русский язык, иностранный язык, полиязычное образование.

Андатпа: Мақалада Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі тілдердің қызмет етуінің әлеуметтік лингвистикалық мәселелері қарастырылған. Көптілділік түрлерінің бірі ретінде қостілділіктің ерекшелігі сипатталады. Қазақстан Республикасындағы көптілді білім берудің ерекшеліктері көрсетілген.

Тірек сөздер: көптілділік, қостілділік, үштілділік, мемлекеттік тіл, орыс тілі, шет тілі, көптілді білім беру.

Функционирование языков в Республике Казахстан регулируется законодательными документами: Конституция Республики Казахстан, Концепция языковой политики Казахстан, Закон «О языках в Республике Казахстан», Закон «Об образовании в Республике Казахстан», Государственными программами развития и функционирования в Республике Казахстан.

Казахстан является полиэтнической страной, и в связи с этим закономерно функционирование разных языков в различных общественных сферах. Социолингвистическое исследование о взаимодействиях языков в Республике Казахстан было проведено в свое время Хасановым Б.Х. в его книге «Языки народов Казахстана и их взаимодействие» [1].

В советское время в Казахстане в сферах общественной жизни наблюдалась тенденция функционирования двуязычия, при этом основным являлось национально-русское двуязычие.

Проблема двуязычия нашла отражения в трудах У. Вайнрайха, В.Ю. Розенцвейга, Ю.А. Жлуктенко, Е. М. Верещагина, Ю.Д. Дешериева, А.Е. Карлинского, Э.Д. Сулейменовой, З. К. Ахметжановой А.О. Орусбаева, Б.Х. Хасанова и др.

В отношении экспликации двуязычия, а также лингвистического статуса составляющих его компонентов, высказывались различные мнения. Критический анализ высказываний ученых дан в работе Б. Хасанова [2, 33-54].

О.С. Ахманова пишет, что двуязычие – «одинаково совершенное владение двумя языками; владение двумя языками, применяемыми в разных условиях общения, например, родным диалектом и литературным языком...» [3, 125].

М.М. Михайлов, различая билингвизм и диглоссию, считает, что билингвизм – это владение двумя генетически разными формами языкового общения» [4, 123]. Термин «владение» надо понимать как способность, а не использование; под термином владением языком имеются в виду «навыки производства и понимания текстов».

Компонентами двуязычия являются «только языки», одним из которых должен быть родной язык, другим – второй язык, приобретенный.

Родной язык – социально-этническая или социолингвистическая категория. Однако не всегда в исследованиях находим такое понимание. К трактовке этого компонента двуязычия

ученые подходят с различных позиций. Так, М. Н. Губогло относит родной язык к психологической категории по той причине, что она «отражает не столько то, когда, с кем, о чем, как часто, по какому поводу и как долго разговаривает человек, на каком языке он пишет, читает и думает, а сколько то, как с помощью языка он выражает свою принадлежность к определенной нации или народности. Поэтому выделение в понятии «родной язык» его этнопсихологической сущности позволяет рассматривать его двояко: и как относительно самостоятельный этнический определитель, и как составную часть этнического самосознания» [5? 263]. В этом случае можно принять утверждение Д.И. Маринеску, что если родной язык выступает в большинстве случаев как социально-этническое явление, то второй язык – это всегда социальное явление [6, 36].

У. Вайнрайх определяет двуязычие как практику попеременного пользования двумя языками» а лиц, ее осуществляющих он называет двуязычными [7]. Несмотря на то, что это определение было принято многими учеными, вокруг него развернулась широкая научная дискуссия и эта дефиниция была уточнена некоторыми учеными Э.М. Ахунзяновым: «Как правило, допускается, что двуязычие имеет место всякий раз, когда человек переключается с одного кода на другой в конкретных условиях речевого общения, независимо от того, идет ли речь о переходе от одного национального языка к другому, от национального языка к диалекту или же языку межплеменного (межнационального, международного) общения и т.п.» [8]. В.Ю. Розенцвейгом: «владение двумя языками и попеременное их использование в зависимости от условий общения» и «Под двуязычием обычно понимается владение двумя языками и регулярное переключение с одного на другой в зависимости от ситуации общения» [9].

Таким образом, под двуязычием мы, вслед за Б.Х. Хасановым, понимаем «синхронное (попеременное или смешанное) использование двух языков в гетерогенном социуме представителями одного этноса» [10, 15].

В Казахстане проблемам интерференции и интеркаляции посвящены работы А.Е. Карлинского, М.М. Копыленко, М.К. Исаева, Б. Хасанулы и др.

При изучении второго языка проявляются процессы интерференции и интеркаляции. По мысли А.Е. Карлинского, интерференция – функция двух языковых систем, качество и количество которой зависит от субстанциональных свойств контактирующих языков. Обычно лингвисты объясняют отклонение от нормы различиями между единицами языка и правилами их функционирования, не учитывая социальные функции, выполняемые языками в данном обществе и знания, умения и навыки в сфере Я2 у конкретного билингва [11, 97].

Как утверждает М.К. Исаев, «представляется, что наиболее перспективным, теоретически и практически оправданными является контрастивные исследования языков, находящихся в непосредственном контакте как в искусственных (аудиторных) условиях, так и, особенно, в условиях естественных» [12, 12].

Б.Хасанов выделяет не только проблему интерференции, но проблему интеркаляции и характер ее проявления. Он считает, что при глубоком исследовании этих двух направлений может быть решена проблема двуединного процесса одного целого социального явления – двуязычия [10, 47].

В современных условиях развития и функционирования языков в сфере образования набирает силу тенденция полиязычного образования. Одним из основных факторов, влияющих на развитие полиязычного образования, становится процесс глобализации.

Полиязычное образование в РК обусловлено языковым планированием, отраженным в Государственных программах развития и функционирования языком, Концепцией иноязычного образования, культурной проектом триединства языков, программой модернизации общественного сознания «Рухани жаңғыру».

В соответствии с культурным проектом триединства языков в Казахстане в сфере образования реализуется его основное положение: казахский язык – государственный язык, русский – язык межнационального общения и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику.

В Государственной программе по реализации языковой политики в Республике Казахстан на 2020-2025 годы [13] отмечено, что собранные данные показали, что сформированы общие благоприятные условия для проводимой языковой политики.

В настоящее время в Казахстане существуют следующие языковые компетенции: казахоязычные, русскоязычные, казахско-русское двуязычие, этническо-казахское, этническо-

русское двуязычие или этническо-русско-казахское трехязычие, казахско-русско-английское трехязычие.

Текущая языковая ситуация в Казахстане характеризуется следующими социолингвистическими критериями:

- растет количество населения, говорящего на казахском языке. По официальным данным, из числа тюркоязычного населения в Казахстане 95,5% узбеков, 93,7% уйгур, 92,7% кыргызов владеют казахским языком на уровне бытового общения, 12% – на высоком уровне. Среди представителей славянского этноса устную речь на казахском языке понимают 25% русских, 21,05% украинцев, 19% белорусов, 20,9% поляков, а также 24% представителей немецкой диаспоры. Среди указанных этносов доля тех, кто умеет читать и писать на казахском языке, составляет 2,9%.

- усиление демографической базы государственного языка вызвало качественные изменения в общественном сознании. Сфера применения государственного языка расширяется как в области межэтнической, так и официальной коммуникации.

В сфере образования, в школах языком обучения являются казахский, русский, узбекский, уйгурский, таджикский языки, в вузах – казахский, русский, английский.

В 2017-2018 учебном году 66% учащихся общеобразовательных школ обучались в казахских школах, 65% студентов вузов – на казахских отделениях.

В Казахстане по данным на 2018 год функционируют 7393 общеобразовательных школ, из которых 3797 с казахским языком обучения, 1312 – русским, 2255 – казахско-русским, 12 – узбекским, 11 – уйгурским, 1 – таджикским языком обучения. В этих школах в 2018-2019 учебном году обучается всего 3050770 учащихся, из них более 2000000 обучаются на казахском, около 900000 на русском, остальные на других языках, то есть 66% от общего числа учащихся получают образование на казахском языке.

В сфере технического и профессионального образования в 2018-2019 учебном году количество обучающихся на казахском языке увеличилось на 60% по сравнению с 1991 годом и составило 289589 студентов.

Если в 1998-1999 учебном году в высших учебных заведениях на казахском языке обучалось 26,8% от общего количества студентов, то в 2018-2019 гг. на казахском языке обучается 83,0%. Растет также количество вузов, имеющих специальные отделения с английским языком обучения. Число обучающихся на английском языке составило 24,7 тысяч студентов. Это в 2,5 раза выше уровня 2009 года.

В вузах республики в целях осуществления полиязычного образования создаются концепции полиязычного образования. В Казахстане в сфере высшего образования также совершенствуется система иноязычного образования [14] .

Культурно-образующая система иноязычного образования, моделируемая в форме уровневого обучения иностранному языку, базируется на уже оправдавших себя принципах национальной образовательной системы, основных принципах мировых образовательных систем, а также на прогнозе функционирования модели в изменяющихся социально-экономических условиях. Такими принципами являются:

- принцип непрерывного и преемственного иноязычного образования,
- принцип коммуникативно-межкультурного взаимодействия,
- принцип проблемности и интерактивности организации учебного процесса,
- личностная и индивидуальная направленность процесса обучения, выражаемая через содержание образования, формы его организации и обеспечение роста вариативности,
- принцип фундаментальности иноязычного образования,
- принцип обеспечения международно-стандартного уровня обученности реализуется через адекватные целям содержание и технологии, а также объективные международно-стандартные способы оценивания.
- принцип творческого, когнитивно-деятельностного использования иностранного языка,
- принцип рефлексивной саморегуляции,
- принцип гибкости и адаптивности к изменениям в социально-экономической жизни, в профессиональной деятельности, умение жить в поликультурном мире,
- принцип профессионализации, предполагающий использование иностранного языка в профессиональных целях.

Уровневая модель языкового и иноязычного образования как динамическая структура реализации общей программы реформирования образования РК представляет собой реальное действие на пути вхождения Казахстана в мировое образовательное пространство.

Ориентация образовательной системы РК на компетентный подход в содержании образования находит свое выражение в области обучения языкам, в том числе иностранным языкам в формировании межкультурной компетенции как показателя сформированности способности человека эффективно участвовать в иноязычном общении на межкультурном уровне.

Следует отметить, что в Казахстане среди населения есть много полилингвальных личностей, однако в социолингвистическом аспекте не проводится в этом отношении никаких исследований.

Таким образом, проблемы полиязычного образования являются актуальными в настоящее время и требуют серьезных исследований, особенно в социо-психолингвистических аспектах

Литература

- 1 Хасанов Б.Х. Языки народов Казахстана и их взаимодействие. – Алма-Ата, 1976.
- 2 Хасанов Б.Х. Казахско-русское художественно-литературное двуязычие. – Алма-Ата: Рауан, 1990.
- 3 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М. 1966.
- 4 Михайлов М.М. Об изучении двуязычия // Язык и общество. – М.: Наука, 1968.
- 5 Губогло М.Н. Современные этноязыковые процессы в СССР. – М. 1984.
- 6 Маринеску Д.И. Двуязычие фактор сближения социалистических наций и народностей. – Кишинев. 1975
- 7 Вайнрайх У. Языковые контакты. Состояние и проблемы исследования. – Киев: Вища школа, 1979.
- 8 Ахунзянов Э.М. Двуязычие и лексико-семантическая интерференция. –Казань: Из-во Казан. ин-та, 1978.
- 9 Розенцвейг В.Ю. Языковые контакты Лингвистическая проблематика. – М.: Наука, Ленингр. отделение, 1972; Розенцвейг В.Ю. Основные вопросы теории языковых контактов // Новое в лингвистике –М.: Прогресс, 1972. Вып. 6.
- 10 Хасанулы Б. Хасанов Б.Х. Социально-лингвистические проблемы функционирования казахского языка в Республике Казахстан. АДД. Алма-Ата, 1992.
- 11 Карлинский А.Е. Язык и сознание: речь и мышление (к вопросу о предмете когнитивной лингвистики) // Мир языка: Материалы второй международной научно-теоретической конференции, посвященной 80-летию профессора М.М.Копыленко. – Алматы: КазГУМО и МЯ, 2001.
- 12 Исаев М.К. Лингвоконтрастивное исследование речевой деятельности в условиях искусственного двуязычия. АДД. – М.1992.
- 13 Государственная программа по реализации языковой политики в Республике Казахстан на 2020-2025 годы.
- 14 Концепция языкового образования Республики Казахстан. – Алматы: КазУМОиМЯ имени Абылай хана, 2010. –21 с.

* Статья написана в рамках грантового финансирования научных и (или) научно-технических проектов на 2021-2023 годы. Исследование финансировалось Комитетом науки Министерства образования и науки Республики Казахстан (грант AP09259988).

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК АЙМАҒЫНЫҢ ТІЛДІК АХУАЛЫ ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР***

А.М. Абасилов 

*Филология ғылымдарының кандидаты,
қауымдастырылған профессор м.а.,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті,
Қызылорда, Қазақстан
e-mail: aman_abasilov@mail.ru
<https://orcid.org/0000-0003-4660-454X>*

С.А. Асанбаева 

*Филология ғылымдарының кандидаты,
профессор м.а.
Қазақ қыздар мемлекеттік университеті,
Алматы, Қазақстан
e-mail: asanbaevasaule1970@gmail.com*

Қазақстанның оңтүстік аймағы – жалпы еліміздегі өзге де аймақтар сияқты көптеген этностар мен диаспоралар тұратын өңір. Бұл қолдан жасалған «көпұлттылық» сонау Стольпин реформасы мен патшалық Ресейдің құйтырқы саясаты арқылы орыс-казак, украин шаруа-мажұқтардың құмырсқадай қаптауынан басталды. Одан кейінгі тарихи оқиғалар, әсіресе екі дүниежүзілік соғыстың аралықтарындағы депортацияланған этностардың (корей, шешен, грек, финдер, немістер, қырым татарлары т.б.) қоныс аударуы, саяси-қуғын сүргін, қолдан жасалған ашаршылық, Ұлы Отан соғысында қаза болғандар т.б. қазақтың өз жерінде азшылыққа айналуына себепші болды.

Қазақстанның оңтүстік аймағы географиялық орналасуы жағынан болсын, аумақтық-әкімшілік құрылымдық жағынан алсақ та, өндірістік-экономикалық шаруашылықты жүргізу сипаты жағынан да, саяси-әлеуметтік дамуы жағынан да, тұрғылықты халықтың қандық-рулық туыстығы мен аймақта қоныстану ыңғайы жағынан да бірыңғайлығымен ерекшеленетін, ежелден қазақылықтың қаймағы бұзылмаған, қазақ тілінің ана тілі ретінде де, мемлекеттік тіл мәртебесінде де өркен жайған өңірі болып табылады.

Аймаққа қарайтын 4 облысты қоса есептегенде, онда 44 әкімшілік аудан және облыстық, аудандық бағыныстағы 27 қала бар. 2012 жылдың 1 қаңтарындағы дерек бойынша барлық аймақ халқының саны – 6 299 853 адам, бұл республика халқының 37,8 пайзын құрайды.

Тұрғындардың 65,4 пайызы ауыл халқы (4 118 693 адам), ал қалалы жерлерде халықтың 34,6 пайызы (2 181 160 адам) тұрады.

Соңғы халық санағының дерегіне қарасақ, аймақтағы облыстарда тіркелген этностар саны әртүрлі (Қызылорда облысында 70 этнос, Жамбыл облысында 86 этнос, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында 105 этнос). Алайда бұл этностадың саны мен қоныстану жағдайына қарасақ, аймақты әдеттегідей полиэтносты деп айтудан гөрі моноэтносты деуге келеді. Себебі осы тіркелген этностардың жартысына жуығының саны 10 адамға жетпейді, ең көп дегенінің санының өзі (1,0 пайыздан жоғарысы) 5-6 этностан аспайды. Айталық, Алматы облысында тіркелген 105 этностың 38-нің саны 10 адамға жетпейді, 100 адамға дейінгісі – 33 этнос, 18 этнос 1000 адамға жетпейді, 1,0 пайызға жуығы – 12 этнос, 1,0 % жоғарысы – 4 этнос (олар: қазақтар – 67,7%, орыстар – 16,9 %, ұйғырлар - 8,0% және түріктер – 2,0%) [1].

Дәл осындай 105 этнос тіркелген Оңтүстік Қазақстан облысында 48 этностың саны 10 адамға толмайды, 29-ның саны 100 адамға жетпейді, 1000 адамға толмайтыны – 17 этнос, 6-ның саны 1,0% жуық және 5 этнос қана 1,0% асады (олар: қазақтар – 72,3%, өзбектер – 16,3%, орыстар – 5,5 %, тәжіктер – 1,2 % және әзірбайжандар – 1,2 %) [2].

Ал 86 этносы бар Жамбыл облысы мен 70 этносы бар Қызылорда облысында саны 10 адамға жетпейтіні сәйкесінше 32-34 этнос, бар-жоғы 100 адамға толмайтыны сәйкесінше 22-17 этнос, 1000 адамға жуығы сәйкесінше 17-10 этнос, 1,0 % жетпейтіні 9-6 этнос және барлық тұрғындардың 1,0 %-астамын құрайтыны Жамбыл облысында 6 этнос (қазақтар – 71,4%, орыстар – 12,0%, дүнгендер – 4,2%, түріктер – 2,9%, өзбектер – 2,4% және күрдтер – 1,3%) болса [3], Қызылорда облысында 3

этнос (қазақтар – 95,3%, орыстар – 2,4% және кәрістер – 1,2%) [4]. Осы мәліметтерге зер сала қарасақ, аймақ көлемінде өтіп жатқан әлеуметтік және тілдік үрдерістерде қомақты рөл атқаратын бірнеше ғана ірі этнос бар. Бұл аймақтың барлық тұрғындарының 73,4 пайызын құрайтын қазақтардың өзі, 9,7 пайызды құрайтын орыстар және үлес салмағы 7,2 пайызға жететін өзбектер мен 7,2 пайызды құрайтын ұйғырлар.

Аймақтағы облыстардағы халық санын 1989 жылғы халық санағы мен соңғы 2009 жылғы мәліметпен салыстырсақ, 20 жылда көптеген өзгерістің болғанын байқаймыз. Әсіресе аймаққа қарайтын төрт облыста да саны жағынан айтарлықтай көбейгені 5-6 этнос қана, олардың барлығы да түркітөктес халықтар. Айталық, Алматы облысында 20 жыл ішінде саны жағынан басым болып келетіндер қазақтар, ұйғырлар, өзбектер, татарлар және түріктер. Сол сияқты орыстар мен кәрістердің де саны артқан, бірақ облыс халқының ішінде алатын үлесі жағынан қазақтар мен кәрістедің ғана көбейгенін көруге болады. Орыстар 20 жылда 12147 адамға өскенімен, алатын үлесі жағынан 30,1 пайыздан 16,9 пайызға түскен. Ұйғырлар да екі санақ арасында 40359 адамға көбейген, бірақ облыс тұрғындар ішінде алатын үлесі бойынша 1989 жылы 10,6% болса, 2009 жылғы санақта 8,0% ғана құраған. Саны жағынан күрт кемігендерге, яғни тарихи отандарына қоныс аударушы диаспораларға немістер мен украиндар жатады.

Жамбыл облысының тұрғындары екі санақ аралығында 16538 адамға азайған. Олардың ішінде әсіресе орыстар (152 812 адамға), немістер (65 756 адамға), украиндықтар (28 550 адамға), татарлар (7355 адамға) кеміген. Ал саны жағынан өскендеріне қазақтар (222373 адамға), түріктер (12675 адамға), өзбектер (2979 адамға) және басқа этностар (4447 адамға) жатады.

Қалған екі облыста да түркітілдес халықтың саны мен үлесінің өскенін байқасақ, басқа халықтардың саны мен тұрғындар ішінде алатын үлесі де кемігенін көруге болады.

Белгілі бір елдің немесе аймақтың тілдік ахуалына сол елдің ұстанған тілдік саясатынан бұрын ұлттық ерекшелігі есер ететіні аян. Қай кезде де сөйлеушілер саны көп тіл - мықты тіл де, сөйлеушісі аз тіл - нашар тіл деп саналады. Сондықтан да елімізде қазақ тілінің үстемдігін қалаймыз десек, қазақ ұлтының санын, қазақ тілінің сөйлеушілерінің санын арттыруымыз керек. Жоғарыда айтып өткеніміздей, екі халық санағы аралығында, яғни 20 жылда қазақтар Алматы облысында 41,6 %-дан 67,6%-ға көтерілсе, Жамбыл облысында 48,8%-дан 71,4%-ға, Қызылорда облысында 79,4%-дан 95,3%-ға және Оңтүстік Қазақстан облысында 55,7%-дан 72,3%-ға артқан. Бұл қазақ халқының тікелей табиғи өсімі мен алыс-жақын шетелдерден оралған қазақтардың санымен байланысты. Жалпы республиканың 3 өңірінде Астана, Алматы, Маңғыстау облыстарында халық саны көшікөн және табиғи өсім есебінен көбейсе, зерттеу нысаны болып отырған Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда және Жамбыл облыстарында - тек табиғи өсіммен халықтың қатары артып отыр.

Халық санағының мәліметтерін салыстыра қарасақ, тәуелсіздік жылдары мен одан кейінгі кезеңдерде елде тарихи отандарына қоныс аударумен өзге этнос өкілдерінің (неміс, украин, белорус, орыс, татар т. б.) саны азайған. Айталық, 1989 жылғы санақта аймақ халқының 20,9% құраған орыстар 2009 жылғы санақта 9,7% болған, немістер 4,0 %-дан 0,3%-ға кеміген, украиндар 2,4%-дан 0,3%-ға, татарлар 1,5%-дан 0,7%-ға түскен (2-кесте). Ал оның есесіне қазақ халқына туысқан халықтардың (өзбек, ұйғыр, түрік т.б.) саны өскен. Бұл жағдай өз кезегінде түркітөктестердің біртұтастығына, этностық сәйкесігіне әкелуде.

Жалпы оңтүстік аймақ өзінің географиялық орналасуы жағынан да бірыңғай Орта Азия мемлекеттерімен, соның ішінде түбі бір туысқан халықтармен (Қырғызстан, Өзбекстан, Қарақалпақстан) және олардан басқа түркітілдес этностардың (ұйғыр, түрік, әзірбайжан, татар, түркімен т.б.) барынша шоғыр орналасқан жері ретінде ерекшеленеді. Сондықтан оны жоғарыда айтқанымыздай, моноэтностық аймақ деп есептеуге де болады. Туыстас этностар неғұрлым тығыз қоныстанса, соғұрлым этностық сәйкестілік (идентичность) жоғары болады. Бұл сәйкестілік тұрғындардың этностық туыстығынан, тілдік жақындығынан, діни ұстанымдарының, сондай-ақ мәдени құндылықтарының ортақтығынан көрінеді.

Халық санағының екі онжылдықтағы мәліметтерін салыстырсақ, 1989 жылғы санақта алғашқы қатарларда орыс (20,9%), неміс (4,0%), украин (2,2%) диаспоралары болса, 2009 жылғы санақта алғашқы орындарда орыс (9,7%), өзбек (7,2%), ұйғыр (2,5%), түрік (1,5%), татар (0,9%), әзірбайжан (0,7%) т.б. диаспоралар орналасқан.

Соңғы санақ мәліметінде 24 түркі халқы тіркелген. Оңтүстік аймаққа қарайтын 4 облыста да жоғарыда айтып өткендей түркітілдес этностар барлық тұрғындардың 80 пайыздан астам үлесін

құрайды. Оларды аймаққа қарайтын облыстар бойынша таратып айтар болсақ, Алматы және Жамбыл облыстарында түркітілдес халықтар барлық тұрғындар ішінде алатын үлесі жағынан бір-бірімен шамалас, сәйкесінше 79,6% және 79,8 % құрайды. Ал Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарында олар 96,1% және 91,7% арасында.

Аймақтың тілдік ахуалына оған қарайтын облыстардағы түрлі себептерге: миграцияларға, әкімшілік-аумақтық бөліністерге, қалалардың өсуі – урбанизацияға, мегаполис қалалардың дамуына т.б. байланысты халық санының өзгеретіні белгілі. Соңғы халық санағы бойынша қала халқы аймақ халқының 34,6 % құраса, ауыл халқы 65,4 % құраған. Алайда қазақ халқының басым бөлігі қалаларда емес, ауылдық жерлерде қоныстанған. Айталық, Алматы облысында қазақтардың 19,7% ғана қалада орналасса, 80,3% ауылдық жерде. Жамбыл облысында қазақтардың 35,9% қалада, 64,1% ауылда, Қызылорда облысында 40,1% қалада, 59,9% ауылда, Оңтүстік Қазақстан облысында 37,8% қалада, 62,2% ауылда қоныстанған. Кеңес үкіметі кезінде қалада қоныстанғандардың басым бөлігі ұлттың оқыған-тоқыған бар зиялы қауымы, бетке ұстар азаматтары болды, міне, соларды ассимиляцияға ұшырату үшін ауыл қазақтарын қалаға мөлшермен ғана қоныс аудартты, сөйтіп қалада қазақтың тілін, ділін, мәдениетін т.б. ата-баба құндылықтарын осылайша құрту саясаты жүргізілді. Бүгінде аймақтағы қазақтардың қалаға қоныс аударуы қарқынды түрде жүруде. Бұл өз кезегінде қалалық жерде қазақ тілінің өркендеуіне, басым қолданыстағы орыс тілінің ықпал ету аясын шектеуге, қазақ тілінің қала тіліне айналуына негіз болуда.

Аймақтың тілдік ахуалын сипаттауда, оған кешенді талдау жасағанда аймақта қолданылатын тілдер мен сол тіл иелерінің жас ерекшеліктері де басты назарда болуы керек. Аймақ халқының жас көрсеткіштерін 2009 жылғы халық санағының мәліметі бойынша қарастырар болсақ, 14 жасқа дейінгі жасөспірімдер мен балалар 29,4 %, 15-69 жас арсындағы жастар мен ересектер – 63,9 %, 70 жастан жоғары қарттар – 6,7 %. Осы мәліметтерді аймақ халқының этностық құрамы жағынан алсақ, онда «ең жасы» қазақтар, жастар бұл титулды ұлт өкілдерінің 97,7 % құраса, өзбекерде жастар қауымы – 97,5%, түріктерде 97,0 %, кәрістерде – 93,8%, орыстарда – 90,6% құрайды. Осыдан және төмендегі 5-кестеден көрініп тұрғандай, орыстар мен кәрістер «қарттық кезеңде», орыстардың 9,4 пайызы 70 жастан асқандар, кәрістердің 70 жастан асқан қарттары диаспораның 6,2% құрайды.

Белгілі бір елдің не оның ішкі әкімшілік-аумақтық бөлінісіндегі тілдік ахуалды сипаттауда сол жерде тұратын этностардың ұлттық құрамы мен олардың тілдерінің таралу шегін, тілдік бағыт-бағдарын қарастыру керек. Сондықтан біз аймақтағы әлеуметтік және тілдік үдерістерде қомақты рөл атқаратын тоғыз этносқа жекелей тоқталуды жөн көрдік.

Қазақтар. Жоғарыда баяндалған әртүрлі демографиялық процестердің және сонымен байланысты мәлімет-дректердің барлығы аймақта қазақ тілінің қызмет аясын айқындауға, қазақ тілінің дамуына, таралуына сипаттама жасап, қорытынды шығаруға мүмкіндік береді. Соңғы халық санағының мәліметі бойынша оңтүстік аймаққа жататын төрт облысты қоса есептегенде 4 385 493 қазақ тұрады. Бұл – тұрғындардың 73,4 пайызын, яғни аймақтың барлық аумағында қазақтардың саны жағынан басым екені көрінеді. Айталық, зерттеу нысаны болып отырған Алматы облысында қазақтар 16 ауданның 15-інде және облысқа қарайтын 3 қаланың 2-еуінде басым көпшілікті құрайды. Тек бір қалада (Текелі қаласында орыстардан кейінгі екінші орынды алады. Орыстар – 48,3%, қазақтар – 43,2%), және бір ауданда (Ұйғыр ауданында ұйғырлардың кейінгі екінші орынды алады. Ұйғырлар – 56,5%, қазақтар – 42,3%) [5, 20].

Сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы мен облысқа қарайтын 3 қалада басым көпшілікте болса, бір ғана ауданда, Сайрам ауданында, өзбектерден кейінгі орынды алады (өзбектер – 60,5%, қазақтар – 31,4%). Ал Жамбыл және Қызылорда облыстарында басым көпшілікті құрады. Бұл аймақтағы қазақ тілді органың қаймағы бұзылмағанын, қазақ тілінің өмірдің қай саласында да қолданатын, басым, мықты екендігінің қайнар көзін көрсетеді.

Аймақтағы қазақтардың – 99,4 пайызы соңғы халық санағының мәліметінде өз ұлтының тілін ана тілін деп деп санаса, қалған 0,6 пайызы өзге тілді ана тілім деп көрсеткен. Бұл – 27682 адам, оның 16364 адамы Алматы облысында, 4297-сі Жамбыл облысында, 1398-і Қызылорда облысында және 5623-і Оңтүстік Қазақстан облысында тұрады. Өзге тілді ана тілім деп санайтын қазақтардың 13184-і ер адам болса, 14498-і әйел, олардың 11477-сі қалалы жерде, 16205-і ауылда тұрады. Дегенмен бұлар өз ұлтының тілін ана тілім деп санамағанымен, қазақ тілінен мақұрым қалған немесе мүлдем білмейді деп санауға болмайды. Олар қазақ тілін әртүрлі деңгейде екінші тіл ретінде

менгергені даусыз. Керісінше, өз ұлтының тілін ана тілім деп санайтын 4357811 (99,4%) қазақтың барлығы да қазақ тілін жетік біледі деп айтуға болмайды.

Олардың ішінде қазақ тілін ана тілім деп санағанымен оны мүлде білмейтіндері бар. Белгілі қоғам қайраткері, профессор А.Айталинның сөзіне қарасақ мұнда бір этнолингвистикалық фактор жасырын жатыр, яғни ұяттылық сезімі тұрғысынан қазақтар ана тілін білмейтінін мойындағысы келмейді [6]. Ғалымдар тілдік факторда ұлттық негізгі жекелік бөлгісі екенін және ол өте сезімтал әрі маңызды болатынын айтады. Сондықтан осы белгілеріне қарай қазақтарды қазақтілді және орыстілді деп бөледі. Қазақ социумының тамырлас болуы немесе тамырының қол үзуі бойынша аумақтың, рулық тегі жағынан, сондай-ақ тарихи отанына оралуы жағынан жік-жікке бөлінетіндігі туралы мәселе жиі көтеріледі. Демек, қазақ қоғамының ішкі бірлігін күш сала отырып нығайтудың айрықша мәні бар. Қазіргі қазақтар ғасырлық дәстүрге сүйене отырып, бірліктің, төзімділіктің және патриоттың үлгісін көрсетуі керек, тіл бұл жерде басты бітіруші фактор ретінде қызмет атқара алады.

Соңғы халық санағының мәліметінде аймақ тұрғындарының 15 жас және адам жоғары жастағылардың 3792098-і (90,0%) қазақ тілін ауызша түсінемін, оның ішінде 3417215-і (81,1%) еркін оқи аламын және оның 3284750-і (77,9%) еркін жаза аламын деп көрсетеді.

Ал қазақтардың өз арасында 2979978-і (98,5%) қазақ тілін ауызша түсінеді, сөйлей алады, 2933282-і (97,0%) еркін оқиды және оның 2883226-ы (95,3%) еркін жаза алады.

Осы айтылғандарды аймаққа қарайтын облыстар бойынша дәлірек қарастырар болсақ, Алматы облысында **қазақ тілін жетік меңгерген этностар** (90-100% арасында): абхаз (1 адам) – 100%, нивхи (1 адам) – 100%, коми (1 адам) – 100%, жапондар (1 адам) – 100%, тувалар (2 адам) – 100%, чехтар (2 адам) – 100%, адыгелер (3 адам) – 100%, қрымшақтар (7 адам) – 100%, таттар (14 адам) – 92,9%, ұйғырлар (104645 адам) – 96,7%, қырғыздар (1666 адам) – 93,8%, моңғолдар (46 адам) – 91,3%), өзбектер (2780 адам) – 89,8%. Облыс бойынша **қазақ тілін мүлдем білмейтін, түсінбейтін этностарға**: агул, даргин чукча, нанай, эвен, вьетнам, табасарандар, австриялықтар, кубалықтар, шведтер, венгерлер, манси, абазин, финдер жатады.

Жамбыл облысында **қазақ тілін жетік меңгерген этностар** (90-100% арасында): шуван (1 адам) – 100%, кубалық (1 адам) – 100%, жапон (1 адам) – 100%, абазин (1 адам) – 100%, тувалар (2 адам) – 100%, қырымшақ (6 адам) – 100%, лактар (7 адам) – 100%, мансилер (5 адам) – 100%, қарақалпақ (155 адам) – 99,4%, өзбектер (17826 адам) – 93,0%, қырғыздар (5555 адам) – 96,2%, балқарлар (259 адам) – 93,1%, алтайлар (15 адам) – 93,3%, түріктер (21014 адам) – 92,5%, ұйғырлар (1768 адам) – 89,8%. Енді облыстағы **қазақ тілін мүлдем білмейтін, түсінбейтін этностарға** тоқталсақ, олар: серб, хорват, чех, черкестер, абхаздар.

Қызылорда облысында **қазақ тілін жетік меңгерген этностар** (90-100% арасында): алтайлар (1 адам) – 100%, адыгейлер (1 адам) – 100%, аварлар (1 адам) – 100%, шорлар (1 адам) – 100%, дүнгендер (1 адам) – 100%, румындар (1 адам) – 100%, словактар (1 адам) – 100%, финдер (1 адам) – 100%, хорваттар (1 адам) – 100%, кабардин (1 адам) – 100%, қырым татарлары (2 адам) – 100%, сығандар (2 адам) – 100%, осетиндер (3 адам) – 100%, ауғандар (3 адам) – 100%, черкестер (4 адам) – 100%, күрдтер (6 адам) – 100%, қарақалпақ (12 адам) – 100%, ұйғырлар (106 адам) – 99,1%, қырғыздар (118 адам) – 98,3%, түріктер (1058 адам) – 97,7%, түркімендер (27 адам) – 96,3%, өзбектер (988 адам) – 93,9%, башқұрттар (169 адам) – 92,9%, шешендер (618 адам) – 91,1%. Ал **қазақ тілін мүлдем білмейтін, түсінбейтін этностарға** мансылар мен балқарлар жатады.

Оңтүстік Қазақстан облысында **қазақ тілін жетік меңгерген этностар** (90-100% арасында): табасарандар (1 адам) – 100%, удиндер (1 адам) – 100%, тальштар (1 адам) – 100%, черкестер (2 адам) – 100%, қырымшақтар (2 адам) – 100%, абазиндер (2 адам) – 100%, шорлар (3 адам) – 100%, мансылар (1 адам) – 100%, кабардиндер (7 адам) – 100%, таттар (9 адам) – 100%, құмықтар (15 адам) – 100%, қарақалпақтар (149 адам) – 99,3%, албандар (171 адам) – 97,1%, өзбектер (264093 адам) – 97,0%, түріктер (14660 адам) – 97,0%, ұйғырлар (2423 адам) – 96,7%, қырғыздар (1449 адам) – 96,3%, эзірбайжандар (20217 адам) – 95,9%, тәжіктер (18754 адам) – 95,9%, күрдтер (5557 адам) – 95,7%, парсылар (2840 адам) – 93,7%, түркімендер (640 адам) – 93,3%, ноғайлар (15 адам) – 93,3%, балқарлар (29 адам) – 93,1%, арабтар (22 адам) – 90,9%, қарашайлар (156 адам) – 90,4%, қалмақтар (1 адам) – 90,0%. Облыстағы **қазақ тілін мүлдем білмейтін, түсінбейтін этностар**: ассириялықтар, славактар, сербтер, шведтер, француздар, италяндықтар, румындар.

Келтірілген мәліметтерге назар аударсақ, аймақта саны жағынан қазақтардан кейінгі екінші орынды алатын ірі этнос орыстардың 4,8% қазақ тілін ауызша түсінетін, оның 11,1% еркін оқи алатын және 8,1% еркін жаза алатын деп мәлімдейді.

Саны жағынан үшінші басымдылыққа ие өзбектердің (барлық тұрғындар ішінде алатын үлесі - 7,2%) 96,7 % қазақ тілін ауызша түсінемін, оның 76,2% еркін оқи алатынын, 63,3% еркін жаза алатынын көрсетеді.

Зерттеу нысаны болып отырған аймақта, жалпы Қазақстанда қазақ тілін меңгерген, оның мемлекеттік мәртебесін жүзеге асыруда барынша атсалысып, тікелей көмекті түркітөктес этностар көрсетеді. Олардың ішінде, әсіресе, саны жағынан біршама ірі болып келетін этностар ішінде өзбектерді (96,7), ұйғырларды (96,6), түріктерді (92,2), татарларды (84,4) т.б. айтуға болады.

Ал орыстар, сондай-ақ славянтөктес украин, белорус, поляк т.б. мемлекеттік тіл – қазақ тілін меңгеруге әлі де ден қоймағандығы байқалады, мысалы, орыстардың 40,8% украиндардың – 40,7 белорустардың 39,1% және поляктардың 45,4% осы уақытқа дейін қазақ тілін ауызша да түсінбейтіні қанжылтады.

Орыстар аймаққа қарайтын барлық облыстарда бар, үш облыста барлық тұрғындардың ішінде қазақтаран кейінгі екінші орынды алса, бір облыста (Оңтүстік Қазақстан) үшінші орныды алады. Орыстар аймақ халқының 9,7 пайызын құрайды. Олардың 55,6% қалада, 44,4% ауылда тұрады. 45,1% ер, 54,9% әйелдер.

Соңғы санақ мәліметінде орыстардың 96,6% өз ұлтының тілін ана тілім санаса, 3,4% басқа этностың тілін ана тілім деп есептейді.

Халақ санағының мәліметінде 15 жас және одан жоғары жастағылардың ішінде орыс тілін ауызша түсінемін дейтіндер **90,9%** құраса, олардың 77,1% еркін оқи аламын, 76,1% еркін жаза аламын деп көрсеткен. Ал орыстардың өз этносының тілін сол жастағылардың 97,4% ауызша түсінемін, 96,4% еркін оқи аламын, 95,0% еркін жаза аламын деп мәлімдеген.

Орыс тілін орыстардың өздерінен де жақсы меңгерген біршама көп санды болып келетін этностар ішінде алдымен кәрістерді (98,2%), украиндарды (98,1 %) татарларды (97,8%) айтуға болады.

Өзбектер – тұрғындар ішіндегі сандық үлесі жағынан үшінші орынды алатын этностардың бірі. Олар аймақ халқының 7,2 пайызын құрайды. Олардың басым бөлігі ауылдық жерлерге қоныстанған (Өзбекстанмен шекаралас аудандарда жиі қоныстанған) яғни 64,5% ауылда тұрады. Қалада тұратыны - 35,5%. Өзбектер көбінесе Оңтүстік Қазақстан облысында шоғыр орналасқан, облыс халқының 16,3 пайыз құрайды. Олар әсіресе Сайрам ауданында өте шоғыр қоныстанған, бұл ауданында олардың саны қазақтардың екі есеге көп. Барлық тұрғындардың 60,5% құрайды. Сондай-ақ өзбектер Түркістан қаласында (33,4%), Кентау (26,0%), Төле би ауданында (14,4%), Шымкентте (6,3%) көптеп кездеседі. Жамбыл облысында Тараз қаласында (6,3%), Мерке ауданында (2,1%) біршама шоғыр қоныстанса, қалған облыстарда мұндай емес, шашыраңқы қоныстанған.

Өзбектердің ішінде өз ұлтының тілін ана тілім деп санайтыны – 97,0%, қалған – 3,0% өзге этнос тілін ана тілім деп қабылдаған.

Аймақтағы өзбектердің 15 жас және адам жоғары жастағылардың ішінде 96,7% қазақ тілін ауызша түсінетіндігін, 76,2% еркін оқи алатыны және 63,3% еркін жаза алатынын санақ қорытындысында мәлімдеген. Ал орыс тілін сол жастағы өзбектердің 93,0% ауызша түсінемін, оның ішінде 78,9% еркін оқи аламын, 68,3% еркін жаза аламын деп көрсеткен.

Ұйғырлар – халықтың 2,5 пайызын құрайтын аймақтағы төртінші ірі этностардың бірі. Олардың 85,2 пайызы ауылдық жерлерде қоныстанған, оның ішінде басым бөлігі Алматы облысының Ұйғыр ауданында (55,5%), Панфилов ауданында (27,1%), және Еңбекшіқазақ ауданында (18,6%) тұрады. Қалалы жерлерде ұйғырлардың небәрі 14,8 % орналасқан.

Ұйғырлардың 83,3 пайызы өз ұлтының тілін ана тілім деп санаса, 16,7 пайызы өзге ұлт тілін ана тілім деп қабылдаған.

Соңғы халық санағы мәліметінде ұйғырлардың 15 жас және одан жоғарғы жастағыларының қазақ тілін ауызша түсінемін дегені – 96,6%, оның ішінде 75,3% еркін оқи аламын, 65,8% еркін жаза аламын деп көрсеткен. Ал орыс тілін осы жастағы ұйғырлардың 95,5% ауызша түсінемін, 86,6% еркін оқи аламын, 79,7% еркін жаза аламын деп мәлімдейді.

Түріктер - аймақ тұрғындарының 1,5 пайызын құрайтын көп санды диаспоралардың бірі. Түріктер де ұйғырлар сияқты ауылдық жерлерге қоныстанған. Олардың ауылда тұратыны - 79,5% болса, қаладағысы - 20,5%. Түріктер аймақтағы барлық облыстар аумағында бірдей кездесе

бермейді. Олардың біршама тығыз қоныстанған жерлері Алматы облысындағы Еңбекшіқазақ ауданы – 5,0%, Қарасай ауданы – 5,0%, Талғар ауданы – 1,5%, Жамбыл облысындағы Меркі ауданында түріктер барлық тұрғындардың 10,7%, құраса, Байзақ ауданында – 8,9%, Тараз қаласында – 5,3%, Шу ауданында – 5,4%, Жамбыл ауданында – 4,4% құрайды. Ал оңтүстік Қазақстан облысында түріктер Төле би ауданында - 3,6%, Сайрам ауданында – 2,7%, Сарыағаш ауданында – 1,2%, құрайды. Қызылорда облысында тек екі ауданында ғана шоғыр орналасқан (Қармақшы ауданы – 2,1% және Жаңақорған ауданында – 0,3%).

Кәрістер аймақ тұрғындарының 0,7 пайызын ғана құрайды. Олардың 29,5 пайызы ауылдық жерде тұрса, 70,5 пайызы қалада тұрады. Крістердің көп шоғырлаған жерлері: Алматы облысының Қаратал ауданы (8,3%), Талдықорған қаласы (3,1%), Қапшағай қаласы (2,4%), Текелі қаласы (1,3%), Көксу ауданы (1,3%), Ескелді ауданы (1,1%), сондай-ақ Тараз қаласында (2,5%), Шымкент қаласында (1,0%), Қызылорда қаласында (2,3%), Байқоңырда (1,3%), Шиелі ауданында (1,1%) біршама шоғыр қоныстанған.

Аймақтағы кәріс диаспораның 42,2 пайызы өз этносының тілін ана тілім деп санаса, 57,8 пайызы өзге этнос тілін ана тілім деп есептейді.

Халық санағының мәліметінде 15 жас және одан жоғары жастағы кәрістердің қазақ тілін ауызша түсінетіні – 49,8% (17682 адам), оның ішінде 14,9% (5292 адам) еркін оқиды, 11,3% (4000 адам) еркін жазады. Ал орыс тілін осы жастағы кәрістердің 98,2% ауызша түсінемін, 92,3% еркін оқимын, 96,3% еркін жазамын деп көрсеткен. Осыдан көрініп тұрғандай кәрістердің тілдік бағыт-бағдары бірыңғай орыс тіліне ауған, барынша орыстанған.

Татар диаспорасы да кәрістер сияқты аймақ халқының 0,7 пайызын құрайды. Жалпы саны – 43684 адам. Татарлардың 61,5% қалада, 38,5% ауылдық елді-мекендерде орналасқан. Олар аймаққа қарайтын облыстарда әртүрлі санда шашырап қоныстанған. Облыс елді-мекендеріндегі тұрғындарының шамамен 5-6 орындарды алады.

Татарлардың жартысынан астамы, яғни 63,8% өз ұлтының тілін ана тілім деп санаса, 36,2% ана тілін өзге ұлт тіліне ауыстырған.

Соңғы халық санағының мәліметінде 15 жас және жоғары жастағы татарлардың 84,4% қазақ тілін ауызша түсінемін десе, соның 50,2% еркін оқи аламын, 42,6% еркін жаза аламын деп көрсеткен.

Күрдтер аймақ халқының 0,6 пайызын құрайды. Олар әсіресе Жамбыл облысында (1,3%) және Алматы облысында (0,7%) біршама шоғыр қоныстанған. Басым бөлігі ауылдық жерде 84,7%, қалған бөлігі 15,3% қалада тұрады. Аймақтағы күрдтердің 89,4% өз этносының тілін ана тілім деп санаса, 10,6% ана тілін өзге тілге ауыстырған.

15 жас және адам жоғары жастағы күрд азаматтарының 78,0 пайызы қазақ тілін ауызша түсінеді, оның 43,1% еркін оқи алса, 37,4% еркін жаза аламын деп көрсеткен санақ мәліметінде.

Украиндар – аймақ халқының 0,3 пайызын құрап, жалпы есепте тұрғындар ішіндегі үлесі жағынан тоғызыншы орынды алатын диаспора. Олардың жартысынан астамы, яғни 56,8% қалада, 43,2% ауылдық жерде қоныстанған. Украиндар да немістер мен белорустар, кәрістер сияқты өз ана тілін жоғалтып, өзге ұлт тіліне қарай біршама ауыса бастағандар қатарына жатады. Мысалы, аймақтағы украин диаспорасының небәрі 33,9% ғана өз ұлтының тілін ана тілім деп санаса, 66,1% өзге тілді (басым бөлігі орыс тілін) ана тілім деп есептейді.

Санақ мәліметіне сүйенсек, украиндықтардың ішіндегі (15 жас және адам жоғары жастағы) қазақ тілін ауызша түсінетіні 40,7% болса, соның 10,2% еркін оқи аламын, 7,5% еркін жаза аламын деп көрсетеді. Осы жастағы украиндардың орыс тілін меңгеруіне келсек, олардың орыс тілін ауызша түсінетіні – 98,1%, оның ішінде еркін оқи алатыны – 97,0%, еркін жаза алатыны – 95,7% екен.

Аймақтағы этнолингвистикалық жағдаят шеңберінде қамтылып өтілуге тиісті мәселелердің біріне ана тілін және екінші тілді білу деңгейлерін қарастыру жатады. Өз ұлтының тілін меңгеру – бұл ұлттық сана-сезімнің өсу деңгейін көрсетеді және әрбір адамның қасиетті борышы. Ал өзге тілді меңгеру күнделікті өмірде қолдану – әлеуметтік қажеттілік, өмір шындығы.

Оңтүстік Қазақстан аймағындағы этнос тілдерінің меңгерілуі әралуан. Жалпы алғанда мынадай: өз ұлтының тілін ана тілім деп санайтындар барлық тұрғындардың 96,8% құрайды. Ал басқа ұлттың тілін ана тілім деп санайтындар – 3,2%.

Облыста өз ұлтының тілін ана тілім деп санап, оны меңгеруге барынша ден қойған этностарға қазақтар мен орыстардың басқа этностар ішінен: өзбектерді (97,0%), түріктерді (93,6%), күрдтерді (89,4%), ұйғырларды (83,3%), т.б. айтуға болады.

Аймақта ана тілін ауыстырып, өзге тілге біршама көше бастаған бірнеше диаспора өкілдері бар. Олар көбіне аз санды болып келетін қырым татарлары, еврейлер, марийлер, хакастар, тувалықтар т.б. олар 100% өзге тілді ана тілім деп санайды. Сол сияқты аймаққа қарайтын төрт облыстағы кейбір көп санды болып келетін этностар да, шамамен жартысынан астамы, өз ана тілін жоғалтып, өзге тілді ана тілін деп санайды. Олар: белорустар (72,4), украиндар (67,3%), немістер (66,0%), поляктар (58,0%) т.б.

Міне, осы және басқа да жағдайлар мен әралуан факторлар елімізде тіл саясатын дұрыс бағытта жүргізуге, елде және оның аймақтарында қалыптасқан тілдік ахуалға нақтылы әлеуметтік лингвистикалық талдау жүргізуді, сипаттама, баға беруді керек етеді. Бұл өз кезегінде халықтың тілдік бағыт-бағдарын дұрыс анықтауда, әсіресе мемлекеттік тілдік қоғам өміріне енуі, меңгеруі, оқылуы, қажеттіліктің пайда болуы не болмауы т.б. мәселелеріне, сондай-ақ халықтың орыс және ағылшын тілдерін меңгеру деңгейі халықтың сұранысы, олардың мемлекеттік тілді дамытудағы орны мен рөлін анықтауға жәрдемдеседі.

Әдебиеттер

1 Алматы облысы. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары // Статистикалық жинақ, 2-том. Редакциясын басқарған Ә.А. Смайылов. – Астана, 2011. –162 б.

2 Оңтүстік Қазақстан облысы. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары // Статистикалық жинақ, 2-том. Редакциясын басқарған Ә.А. Смайылов. – Астана, 2011. – 150 б.

3 Жамбыл облысы. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары // Статистикалық жинақ, 2-том. Редакциясын басқарған Ә.А. Смайылов. – Астана, 2011. – 132 б.

4 Қызылорда облысы. 2009 жылғы Қазақстан Республикасы халқының Ұлттық санағының қорытындылары. // Статистикалық жинақ, 2-том. Редакциясын басқарған Ә.А. Смайылов. –Астана, 2011. –108 б.

5 Абасилов А. Алматы облысындағы тілдік ахуал (әлеуметтік және аналитикалық зерттеу). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012.

6 Айталы А. Смена алфавита не только фонетическая, но и большая политическая проблема /Деловая неделя, 2013. 29 марта.

* Мақала 2021-2023 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру аясында жазылды. Зерттеуді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (AP09259988 гранты).

ГРНТИ 16.21.27

СТАТУС КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА В УСЛОВИЯХ ТРЕХЪЯЗЫЧИЯ В КАЗАХСТАНЕ

Бугенова Л.А.

